БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІНДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ
және ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 240 (9817) 1955 жылғы 4 декабрь Жексенбі

Шығуына 36 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

Ертең—Советтік Конституция Күні.

Совет мемлекетінің Негізгі заңы— СССР Конституциясы жасасын!

Советтік Конституция Күні

Ертең — СССР Конституция Күні. Совет адамдары бұл бүкілхалықтық мерекені шаруашылық және мәдениет құрылысында орасан зор табыстарға ие болған жағдайда атап өткелі отыр. 5 декабрь— СССР Конституция Күнін совет халқы және Совет Одағының жүз миллиондаған достары атап өтеді. Бұдан он тоғыз жыл бұрын Советтердің Бүкілодақтық Төтенше VIII съезі Советтік социалистік мемлекеттің Негізгі Заңы — СССР-дің жаңа Конституциясын бекітті.

Бұл жаңа Конституцияның қабылдануы біздің елімізде социализмнің жеңісін салтанат еткен ұлы оқыйға болды. Бұл Конституция Коммунистік партияның даныышпандық басшылығымен еліміз не болған бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңістерді заңды түрде бекітті. Совет халқы СССР Конституциясын жеңген социализм және кең өрістеген социалистік демократия Конституциясы деп атады. Жаңа Конституция қабылданған күн бүкілхалықтық мерекеге айналды.

СССР-да социализмнің құрылуы — В. И. Ленин өсиеттерінің жүзеге асуының нәтижесі, Коммунистік партияның ұлы ұйымдастырушылық және бағыт сілтеушілік жұмысының нәтижесі, партияның саясатын бірауыздан қолдайтын жұмысшылардың, шаруалар мен интеллигенцияның ерлік еңбегінің нәтижесі.

Совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен және ол жасап берген жоспар бойынша елді индустрияландыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру жөніндегі ұлы міндеттерді ойдағыдай жүзеге асырды. Осының нәтижесінде еліміз алып адыммен алға басып, артта қалған атрарлы елден қуатты индустриалды-колхозды мемлекетке айналды. Шаруашылықтың социалистік системасы қалада да, деревняда да үстем болды. Елімізде қанаушы таптар мүлде жойылды. Социализмнің жеңісі елімізде жұмыссыздықты да мүлде жойып, адамдардың әл- ауқат дәрежесінің мейлінше жақсаруын қамтамасыз етті.

Социализмнің жеңісі нәтижесінде біздің елімізде шын мәніндегі мәдениет революциясы жүзеге асырылды. Коммунистік партия лениндік- сталиндік ұлт саясатын бірге қайта туған қазақ халқы да өзінің қол жеткен ұлы табыстары мен бақыты үшін Коммунистік партияға борышты, оның саясатына адал. Қазақ халқы ағалық көмегі үшін ұлы орыс халқына шексіз алғысын айтады.

Бүкілхалықтық мереке —Конституция Күніне бүкіл еліміздің еңбекшілерімен бірге біздің облысымыздың колхозшылары мен жұмысшы, қызметшілері еңбек майданында елеулі табыстармен келіп отыр. Партия мен үкіметімздің орасан зор көмегі арқасында соңғы жылдары облысымыздың экономикасы мен мәдениетін өркендетуде елеулі табыстарға қол жетті. Соңғы екі жылда облысымызда 1 миллион гектардан аса тың және тыңайған жер игерілін, облыс колхоздары мен совхоздарының егіс көлемі үстіміздегі жылы 1953 жылғыдан екі еседен аса артты. Жаңа жерлердің көп игерілуі астық өндірісін шұғыл арттыруға мүмкіншілік берді. Үстіміздегі жылы ауа райының қолайсыздығына қарамастан көптеген колхоздар ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім жыйнады.

1955 жылы облыс колхоздары мен совхоздары тұңғыш рет кең көлемде аса бағалы ауылшаруашылық дақылы —жүгері егуді игеріп, одан мол өнім жыйнады.

Облыста 19 жаңа совхоз құрылып, қалада, колхоз, совхоздар мен МТС-терде өндірістік үйлерді және мәдени- тұрмыстық үйлерді салу кеңінен өріс алды. Булаево —Маленков атындағы совхоз тар табанды темір жолы салынды. Петропавл —Марьевка асфальт жолын салу жұмысы басталды.

Алайда, жұмысымызда елеулі кемшілік тер бар екендігін айтпай кетуге болмайды. Көптеген колхоз, совхоздарда егін шаруашылығын жүргізудің мәдениеті төмен, осының салдарынан ауылшаруашылық дақылдарынан өнім жоспардағыдан кем алынып отыр. Сол сияқты, облысымызда әсресе мал шаруашылығы мейлінше артта калып келеді. Бірқатар колхоздар мен совхоздарда көп мал басы шығын болды, өткен жылы Совет, Мамлют сияқты аудандардың колхоздары мен совхоздары қоғамдық малға жеткілікті жемшөп дайындамауы салдарынан қыста бірсыны-

Конституция Күніне өндірістік тартулар

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА

Бүкіл өнеркәсібіміздің жұмысшылары сияқты біздің артельдің коллективі де өнеркәсіпті өрге бастыру жолында аянбай еңбек етіп келеді. Партияның XX съезі мен СССР Конституциясы Күні құрметіндегі жарысқа қосылған жұмысшылар еңбек өнімділігін арттырып, белгіленген өндірістік тапсырмаларды айдан-айға толық және асыра орындауда.

Бесінші бесжылдықтың тапсырмаларын артель коллективі осы жылғы 1 декабрьге дейін 160 процент орындады. Осы мерзім ішінде бесінші бесжылдықтың тапсырмаларынан тыс 4 миллион 465 мың сомның жегу әбзелдері шығарылды.

Үстіміздегі жылдың 11 айлық жоспары да асыра орындалды. Жыл аяғына дейін артель жұмысшылары тағы да 250 мың сомның жегу әбзелдерін жоспардан тыс өндіріп ауыл шаруашылығының қажетін өтеуге лайықты үлесін қоспақ.

Қол жеткен бұл табыстарымыз Федорова, Лобанская, Ибрагимов. Алексеев сияқты жұмысшылардың өнімді еңбек етуінің нәтижесі. Бұлар үстіміздегі жылдың 11 айына тағайындалған тапсырмаларын біржарым-екі еседен асыра орындап шыққандар. Осының арқасында жегу әбзелдерін жасайтын цехта еңбек өнімділігі 15 процентке дейін артты

И. ЧЕСНОВ,
Казакстанның 10 жылдығы атындағы кәсіпшілік артелінің техноругі.

Аудандық тұтынушылар одағында

Совет аудандық тұтынушылар одағының сауда орындары советтік сауданың мәдениетін арттырып, тұтынушылардың тілектеріне сай жұмыс істеу жолында тынбай күрес жүргізіп келеді. Соның нәтижесінде мұнда осы жылғы 10 айдың ішінде товар айналымы жоспары 108 процент орындалып, өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда 9 миллион 958 мың сомның товары еңбекшілерге артық сатылды.

Мәселен, ауданның «Победа»

лық халықтарын ғасырлар бойғы әлеуметтік және ұлттық езілушіліктен азат етті, әр халықтардың экономика және мәдениет жөнінен өркендеуін қамтамасыз етті. Бұған біздің Қазақтың Советтік Социалистік Республикасы айқын мысал бола алады.

Қазақстан бұрын патшалық Россияның мейлінше артта қалған шет аймағы болатын. Патшалық үстемдік кезінде қазақ халқы түгелдей дерлік сауатсыз еді. Совет өкіметі жылдарында қазақ халқы қайта туып, шын бостандық пен бақытқа қолы жетті. Совет өкіметі орнаған жылдардан бері Қазақстанда социалистік өнеркәсіп құрылды, колхоз құрылысы нығайды, қазақ халқының түрі ұлттық мазмұны социалистік мәдениеті гүлденді. Совет өкіметі жылдарында Қазақстанда өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 83 есеге көбейді. Республикамызда 1954 жылы, 1913 жылмен салыстырғанда, республика өнеркәсібіндегі жұмысшылар саны 14 еседен аса өсті. Кәзір Қазақстан Совет Одағы бойынша мыстың 57 процентін, қорғасынның 60 процентін, мырыштың 61 процентін, кадмидің 58 процентін, никельдің 26 процентін, молибденнің 22 процентін береді.

Отанымыздың экономикалық күш-қуатын арттыру, ауыл шаруашылығын барған сайын өркендету күресіне біздің республикамыздың еңбекшілері де келелі үлес қосуда. Қысқа мерзім ішінде республикамызда 17500 мың гектар тың және тыңайған жер игерілді.

Қазақстанда Ғылым академиясы, 120 ғылми-зерттеу мекемесі, жоғары дәрежелі 25 оқу орны бар. Совет өкіметі жылдарында қазақ халқының өзінің ұлттық театрлары құрылды.

Совет Одағының барлық халықтарымен ара малдың шығын болуына жол берді. Мұнымен бірге мал қыстату маусымында мал күтімі тыңғылықты ұйымдастырылмады.

Кәзір колхоздар мен совхоздар қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру жолындағы күрестің жауапты кезеңі —мал қыстату маусымын бастан өткізуде. Колхоз, совхоздар өткен мал қыстату маусымында болған кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, биылғы жылы мал қыстатудың ұлғілі өткізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Кәзір облысымыздың механизаторлары тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді ұлғілі ұйымдастыру жөнінде қостанайлықтарға үн қосып, бұл жұмыстарды тыңғылықты аяқтау жолында күресуде. Көктемгі егістің қысқа мерзімде сапалы өткізілуі, мол өнімнің негізін салу, егіске барлық жағынан тыңғылықты әзірленуге байланысты. Олай болса, барлық күш-мүмкіншілік тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын көктемгі егіске ұлғілі әзірлеуге жұмылдырылсын.

Үстіміздегі жыл аяқталып келеді. Рас, облыс өнеркәсібі өндірістік жоспарларды орындауда елеулі табыстарға ие болды. Бірақ өндірістік жоспарларын орындай алмай жүрген кәсіпорындар да жоқ емес. Міндет —әрбір кәсіпорынның жылдық өндірістік жоспарды толық орындауын қамтамасыз етуде.

Облыс еңбекшілері Советтік Конституция Күні еңбекте қол жеткен табыстарын қорытып, шаруашылықтың барлық салаларында жаңа табыстарға жете беру үшін өздерінің өндірістік- саяси белсенділігін бұрынғыдан да арттыра түседі.

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Негізгі заны— СССР Конституциясы жасасын!

СССР Жоғарғы Советін шақыру туралы

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

СССР Жоғарғы Советінің Президиумы **қаулы етеді:**

Төртінші сайланған СССР Жоғарғы Советінің төртінші сессиясы 1955 жылғы 23 декабрьде Москва қаласында шақырылсын.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председатели
К. ВОРОШИЛОВ.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль 2 декабрь, 1955 жыл.

Май заводтарын механикаландыру

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Черкасскідегі механикаландырылған май заводы өнім бере бастады. Оның коллективі шаруашылықтың жаңа құрал-жабдықтарын, пастеризатор, тоңазытқыш, кілегей айырғыш астаулар орнатты. Заводтың механикалануы өнім шығаруды анағұрлым арттырып, май өндірушілердің еңбегін жеңілдетуге мүмкіндік берді.

Быйылғы жылы Төнтек, Сарқанд, Текелі, Талдықорған май заводтары да механикаландырылды. Жаңа Қапал май заводы өнім шығара бастады.

Облыста кәзір сегіз механикаланған май заводы бар.

сы Захаров және Шнуровка селосындағы дукенші Ю. Зайцева жолдастар осындай қызметкерлер. Олар 9 айдың ішінде товар айналымы жоспарын 108—111 процеңттен орындап шықты.

Совет саудасының мәдениетін арттыра отырып, аудандық тұтынушылар одағына қарасты селолық тұтынушылар қоғамы қор жыйнауда бірқатар табыстарға жетті. Аудан бойынша қор жыйнау жоспары 108,5 процент орындалды да, 1 миллион 308 мың сом қорды жоспардан артық жыйнады.

Бұл жұмыста Власовка, Ивановка селолық тұтынушылар қоғамдары мен аудан орталығындағы магазин коллективі нәтижелі еңбет етіп, берілген жоспарды тоқсан сайын артығымен орындан келеді.

Бастама көтеруші'лердің табысы

БУЛАЕВО. (Телефон арқылы алынды). МТС-те быылғы күзгі-қысқы жөндеу маусымында 121 трактор, көптеген ауылшаруашылық машиналары жөндеуден өткізілді. Стандияның машина-трактор паркін жөндеуші -механизаторлары қостанайлықтардың үндеуін қызу қолдап отырып жөндеу жұмысын партиямыздың XX съезі ашылатын күн—14 февральға деин толық аяқтап шығуға міндеттенген-ді.

МТС коллективі алған міндеттемелерін аброймен орындау жолында жанаямай еңбек етіп келеді. Осының нәтижесінде мұнда 74 трактор сапалы жөндеуден өткізілді, трактор жөндеу жөніндегі төртінші тоқсандық тапсырма Конституция Күніне дейін 121,8 процент болып орындалды. Сол сияқты, механизаторлар тоқсандық тапсырманы трактор плуттерін жөндеуден—153,7 процент, сеялкалар жөндеуден—139,6 процент, культиваторлар жөндеуден—144,1 процент және лущильниктер жөндеуден—100 процент орындауға жетісті.

Күн сайын 450 гектар

Ұзынкөл астық совхозының коллективі егістік алаңдарға қар тоқтатуды ұйымшылдықпен жүргізуде. Бұл жұмысқа 9 трактор бөлінген. Олармен жұмыс істейтін тракторшыларға нақтылы тапсырмалар белгіленген. Қар тоқтатудағы механизаторлар мен жұмысшылар Совет Конституция Күні құрметіндегі социалистік жарысты өрістете отырып, күндік тапсырмаларын үнемі 130—150 процеңттен орындауда.

Қар тоқтатуда әсресе трактор,-шы В. Савин, В. Налето жолдастар өнімді еңбек етіп келеді. Олар сменаларында 60-80 гектар алаңның қарын жыртып, социалистік жарыстың алдыңғы сапасында келеді.

Б. ЖАКЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

Суретші Г. Ушаковтың фотоплакаты. (ТАСС-тың фотохроникасы).

Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің Калькуттадан жүріп кетуі

КАЛЬКУТТА, 1 декабрь. **(ТАСС-тың арнаулы тілшісі).** СССР Министрлер Советінің Председатели Н. А. Булганин мен СССР Жоғарғы Советі Президиумының Мүшесі Н. С. Хрущев бүгін таңертең Калькуттадан Бирманың астанасы —Рангунга жүріп кетті. Олармен бірге олардың қасына еріп жүрген адамдар: армия генералы И. А. Серов, СССР Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары А. А. Громыко, СССР Сыртқы сауда министрінің орынбасары П. Н. Кумыкин, СССР Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Д. Р. Расулов, Өзбек ССР Мәдениет министрінің орынбасары З. Рахимбабаева жүріп кетті.

Аэродромда Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевті: Индия Республикасының Премьер-Министрі Дж. Неру, Батыс Бенгалия штатының губернаторы Мукерджи, Батыс Бенгалия штатының бас министрі Б. Ч. Рой, штат үкіметінің мүшелері, Индияның СССР-дегі елшісі К. П. Ш. Менон, консульдық корпустың мүшелері және басқа ресми адамдар шығарып салды.

Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевті сонымен қатар СССР-дің Индиядағы Елшісі М. А. Меньшиков, Өзбек ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председатели Ш. Рашидов, СССР Мәдениет министрі Н. А. Михайлов және Калькуттадағы совет мекемелерінің қызметкерлері шығарып салды.

Аэродромда құрметті қарауыл сап түзеп тұрды және СССР мен Индияның Мемлекеттік гимндері орындалды.

Уақыттың ерте болуына қарамастан Батыс Бенгалия үкіметінің резиденциясы мен аэродромға дейінгі жолдың бүкіл өн бойында Калькуттаның жүздеген мың тұрғындары жыйналып, қымбатты советтік қонақтарды — Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевті жылы шыраймен шығарып салды.

Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің Бирмаға келуі

РАНГУН, 1 декабрь. **(ТАСС-тың арнаулы тілшісі).** СССР Министрлер Советінің Председатели Н. А. Булганин мен СССР Жоғарғы Советі Президиумының Мүшесі Н. С. Хрущевті Калькуттадан Бирмаға жеткізген самолет 13 сағатта Рангуннан 20 километр жердегі Мингаладон аэродромына келіп қонды. Бирманың шекарасынан Рангунға дейін Бирма соғыс- әуе күштері самолеттерінің құрметті эскорты самолетке ілесе ұшып келді. СССР мен Бирма Одағының жалауларымен безендірілген аэродромда Премьер-Министр У Ну бастаған Бирма үкіметінің мүшелері, өкімет орындарының, жұртшылық пен баспасөз өкілдері, дипломатиялық корпустың мүшелері және Рангун азаматтарының бірнеше мың өкілдері жыйналды.

СССР-дің Бирмадағы Елшісі А. Д. Щербрин самолеттің бортына көтеріліп. Жыйналғандар қолшапалақтап қарсы алған Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев самолеттен шықты. Оларды Премьер- Министр У Ну, Сыртқы Істер министрі Сао Кун Чо, Қорғаныс министрі У Ба Све және Өнеркәсіп министрі У Чжо Пейн күттықтады.

Бирманың қыздары қонақтарға гүлден өрілген дәстүрлі гирляндтар сыйлады. Артиллериядан 19 дүркін атылған күттықтау салютінің дүрсілі естілді. Премьер-Министр У Нуды өздерінің қасына еріп келген адамдармен таныстырып, Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев У Нумен бірге құрметті қарауылдың алдынан өтті. Әскери оркестр Совет Одағы мен Бирманың гимндерін орындады. Премьер-Министр У Ну микрофонның қасына келді.

Премьер-Министр У Нудың мәлімдемесі

Премьер- Министр мырза, Хрущев жолдас, достар!

Бирма Одағының Үкіметі мен халқының атынан және өз атымнан менің Ұлы мәртебелі Сіздерді өз елімізде қызу күттықтауыма рұқсат етіңіздер. Сіздердің ұлы және мейманжос еліңізде болған менің өте сүйсінерлік сапарым жайындағы әсерлер менің есімде әлі де сақталуда. Менің туып отырған мүмкіндігімді пайдаланып, Ұлы мәртебелі Сіздерге де осындай мейманжостық көрсетуіме рұқсат етіңіздер. Совет Одағының басшылары да, сондай-ақ бүкіл халқы да бізді барлық жерде де қымбатты туысқандар ретінде қабыл алды, сондықтан да мен, Ұлы мәртебелі Сіздерден, және қадірлі қонақтардан біздің елімізде аз уақыт болатын кездерінізде өзеріңізді өз үйлеріңіздегідей сезулеріңізді сұраймын. Бирманың басшылары мен халқы Сіздерді әмпейін достар мен ізгі ниетті адамдар ретінде ғана емес, сонымен бірге қымбатты туысқандар ретінде де жақсы көреді деп мен Сіздерді сендіре аламын.

Совет -Бирма достығы жасасын! **(Ду қолшапалақтау).**

* * *

Н. А. Булганин бұған жауап ретінде мәлімдеме жасады.

(Соңы 2-бетте).

Н. А. Булганиннің мәлімдемесі

Премьер-Министр мырза, қымбатты достар, мырзалар!

Бүгін, Бирма Одағының астанасы Рангунға өзіміз келген күні, біз Совет Үкіметі мен совет халқының атынан Сіздерге, үкіметке және даңқты Бирма халқына сәлем тапсырып, ең ізгі тілектестігімізді білдіреміз.

Совет Одағы мен Бирма бір-бірінен талай мыңдаған километр алыс жерде тұр. Бірақ араның алыстығы сияқты кедергімен санаспайтын күш бар, бұл күш—совет және бирма халықтарының екі елдің арасында өзара толық түсінісу орнатуда, олардың арасында достықты және өзара тиімді ынтымақты жалпыға бірдей бейбітшілік пен хауіпсіздіктің игілігіне нығайтып, дамытуға ұмтылып отырған өзара талабы.

Бирманың Премьер-Министрі қадірлі У Ну бұдан біраз уақыт бұрын Совет Одағында болып, СССР халықтарының өмірімен, совет өнеркәсібінің, ауыл шаруашылығы мен мәдениетінің жетістіктерімен танысуға мүмкіндік алды. Оның сапары екі елдің арасында достық пен ынтымақты нығайту ісі үшін аса маңызды болды.

Біз Премьер-Министр У Нудың бізге тапсырып, Бирмада болуға шақырғанын аса қанағаттанған және алғыс айтқан сезіммен қабыл алдық. Азия мен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қолдау және нығайту ісіне Бирма үкіметінің қосқан үлесі, сондай-ақ Бирма халықтарының өз Отанының экономикалық дербестігін қамтамасыз етуге бағытталған күш-жігері де совет халқының жалынды тілектестігі мен зор ынтасын тудырып отыр.

Отарлық езушілікке қарсы жанқиярлық күресте өзінің тәуелсіздігін жеңіп алған Бирма халқының қалай өмір сүріп, еңбек етіп жатқанын біздің жақсы білгіміз келер еді.

Біздің Бирмаға келген сапарымыз, біздің бирма халқымен, оның ерте заманнан бергі мәдениетімен және елдің шаруашылығын қалпына келтіріп, өркендету ісіндегі оның табыстарымен танысуымыз біздің елдеріміздің үкіметтері мен халықтары арасында өзара түсінісуді онан әрі дамытуға, олардың арасында достық қатынастарды онан әрі нығайтуға зор дәрежеде ат салысады деп сенетінімізді білдіреміз.

Совет Одағы мен Бирма халықтарының достығы және ынтымағы жасасын! (**Ду қолшапалақтау**).

* * *

Бирманың балалары қонақтарға гүлдер сыйлады. Премьер-Министр У Ну келгендерді ұлттар палатасы мен депутаттар палатасының председательдерімен, үкіметтің министрлерімен, Жоғарғы соттың бас судьясымен және мүшелерімен, Қарулы Күштердің командашысымен, мемлекеттік мекемелердің жоғары дәрежелі чиновниктерімен және Рангунның мэрімен таныстырды. Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев бұдан кейін Рангунда тіркелген дипломатиялық өкілдіктердің басшыларымен және СССР-дің Бирмадағы Елшілігінің қызметкерлерімен амандасты.

Қонақтар қарсы алушы көптеген адамдардың қасына келіп, олардың құттықтауына жауап берді. Қонақтарды қарсы алу үшін осында жиналған бирмалық еркектер мен әйелдердің түрлі-түсті сәнді ұлт киімдері нұр сәулесі жарқыраған ашық күнде ерекше жайнап көрінді.

Лек-легімен ағылған машиналар аэродромнан қалаға қарай бет алды. Бірінші ашық машинада Н. А. Булганинмен және Н. С. Хрущевпен бірге Премьер-Министр У Ну келе жатыр. Рангунның тұрғындары қонақтарды салтанатпен қарсы алды. Олардың жүріп өткен жолы Совет Одағының жалауларымен және көгілдір жолаққа алты ақ жұлдыздың суреті түсірілген Бирманың қызыл жалауларымен безендірілген. Көптеген жерлерде арқалар орнатылып, бирма мен орыс тілдерінде мынадай құттықтау ұрандар жазылған маталар көре тартылған: «Қош келдіңіздер!», «Совет-Бирма достығы жасасын!», «Премьер-Министр Булганинге шын жүректен сәлем! Хрущев жолдасқа шын жүректен сәлем!».

Аэродромнан қалаға келетін жолдың бойында қолдарына гүлдер мен жалаулар ұстап, Советтік қонақтардың қарсы алдынан шыққан Рангунның орасан көп азаматтары жиналып тұр. Барлық жерде музыка естілуде, құттықтаған ұрандар айтылуда. Қаланың орталығына жақындаған сайын жолдың екі жағына орналасқан қарсы алушы адамдардың сығылысып тұрған топтары селгүрттым көбейе түсуде. Көптеген бирмалықтардың қолдарында мынадай жазулары бар плакаттар көрінеді: «Халықтардың бейбіт қатар өмір сүруі жасасын! Бейбітшілік жолындағы күрескерлер Хрущев, Булганин және У Ну жасасын!».

Бүгін Рангунда мейрам күні. Советтік қонақтардың келуімен байланысты барлық магазиндер мен мекемелер жабылды. Булганин мен Хрущев жолдастар үшін арналып президент сарайында бөлінген резиденцияға дейін олардың жүріп өткен бүкіл жол бойында рангундықтар оларды гүлдер ұстап, құттықтаған ұрандар айтып, қарсы алды.

РАНГУННЫҢ МУНИЦИПАЛИТЕТІНДЕ БОЛҒАН ҚАБЫЛДАУ

РАНГУН, 1 декабрь. (**ТАСС-тың арнаулы тілшісі**). 17 сағатта Рангунның мэрі У Сейн Пе муниципалитеттің залында Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің құрметіне «азаматтық қабылдау» ұйымдастырды. Қабылдауда үкіметтің мүшелері, парламенттің екі палатасының председательдері, дипломатиялық корпустың мүшелері, Рангунның белгілі азаматтары болды.

СССР мен Бирма Одағының гимндері орындалғаннан кейін, Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев және олардың қасына ерген адамдар трибунадан орын алды. Трибунада олармен бірге Премьер-Министр У Ну және мэр У Сейн Пе болды.

Рангунның мэрі қабылдауды ашып, қонақтарға арналған құттықтау адресін жариялады.

Рангун мэрінің құттықтау адресі

Ұлы Мәртебелі Сіздерге!

Мен Сіздерді Рангунның муниципалитеті мен азаматтары атынан құттықтауды асқан зор абырой деп санаймын. Бұл қаланың аты тура сөзбен аударғанда «араздық бітті» дегенді аңғартады және бирма халқының бейбітшілікке ұмтылған талабын бейнелейді. Қаланың тарихында даңқтың да, сондай-ақ қайғы азаптардың да белестері болды, бірақ оның 1948 жылғы 4 январьда еркін, тәуелсіз және суверенді республиканың астанасына айналғаны оның өмір сүруінің барлық жылдары ішіндегі аса көрнекті оқиға болды. Біздің статусымыздың маңызды түрде өзгеруі біздің сіздерді тек еркін және бақытты халық қана мұны істей алатындай жағдайда қарсы алуымызға мүмкіндік беді. Бирма халқының достары және ізгі ниетті тілектестері болып табылатын бирмалықтар үшін қандай зор абырой екенін сіздерге айтып жатудың қажеті бола қояр ма екен. Сіздердің жетістіктеріңіз аса зор, ал егер, амал қанша, дүние жүзінде әлі де басым болып отырған сенбеушіліктің және асыра сілтеушіліктің салдарынан, қазір адамзаттың бейбітшілігі мен прогресі ісіне қосқан сіздердің үлесіңіз әлі күнге толық бағаланбай отырған болса, онда уақыт өткеннен кейін, тыныштық орнап, өзара түсінісу нығайған кезде, совет басшыларының есімдері, күмән жоқ, дүние жүзі алғысын айтатын есімдердің арасынан лайықты орын алатын болады.

Біз географиялық жағынан бір-бірімізден өте алыс тұрсақ та, біздің Премьер-...

...гі мен ынтымағын нығайту ісіне қосылған елеулі үлес деп қарсы алды.

Біз Азия мен Африка елдерінің алдағы уақытта болатын екінші конференциясы жалпыға бірдей бейбітшілікті нығайту ісіне жаңа, елеулі үлес қосады деп, халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдетуге және халықтар арасында ынтымақты дамытуға көмектесетін болады деп үміттенеміз.

Азия халықтарының өздерін ұлттық жағынан азат ету жолындағы әділетті күресі совет халқының терең тілектестік сезімімен және моральдық қолдауымен пайдалануда. Өзінің өмір сүруінің алғашқы күндерінен бастап-ақ Совет Үкіметі империалистік басқыншылық пен отарлық езушілік саясатын батыл айыптады және патша үкіметінің Шығыс елдері мен жасасқан барлық тең правосыз договорларын жойды. Біз үлкенді-кішілі барлық халықтардың теңдігін жақтап отырмыз.

Совет Үкіметі өзінің сыртқы саясатында қоғамдық системалары әртүрлі мемлекеттер арасындағы бейбіт қатар өмір сүрудің лениндік принципін бұлжытпай ұстап келеді.

Совет Одағы халықтар арасындағы бейбітшілік пен достық саясатын, бейбітшілік үшін, соғысқа және шетелдік араласушылыққа қарсы...

...Совет әскерлері Австриядан әкетілді. Совет Одағының шетелдік территорияларда соғыс базалары жоқ екенін барлық бейбітшілік халықтар дұрыс бағалап қарсы алуда.

Совет Одағы қазіргі заманның аса маңызды мәселелерінің бірі болып табылатын қарусыздандыру туралы мәселе жөнінде сындарлы ұсыныстар енгізді. Біздің терең сенуімізше, атом және сутегі қаруына тыйым салынуға тиіс, ал дағдылы типтегі қару-жарақ едәуір азайтылуға тиіс. Бұл шараларды жүзеге асыруға халықаралық пәрменді бақылау қойылуға тиіс. Біз сонымен қатар былай деп санаймыз: Женева кеңесіне қатысқан мемлекеттер қарулы күштер мен әдеттегі қару-жарақты азайта бастаумен қатар ядролық қаруды бірінші болып қолданбауға өздеріне міндеттеме алуға тиіс.

Бирма халқы мен оның үкіметі де атом және сутегі қаруына тыйым салуды, қару-жарақты азайтуды жақтап отыр. Міне бұл— бейбітшілік және халықтар арасында сенім орнату ісіне қосылған елеулі үлес.

Бирма Одағының бейбітшіл саясаты біздің халқымыз тарапынан жалынды тілектестікпен қосталып, ол сіздің елдің үкіметінің бейбітшілік жолындағы күресте жұм-...

Солтүстік Қазақстан облысының барлық сауыншыларына, бұзау күтушілеріне, малшыларына, машина-трактор станцияларының механизаторлары мен мамандарына облыстық кеңеске қатысқан озат сауыншылар мен зоотехниктердің ҮНДЕУІ

Қымбатты жолдастар!

Коммунистік партия мен Совет үкіметі қуатты социалистік индустрияның өсуі негізінде таяудағы екі-үш жыл ішінде социалистік ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыруға жетісуді— бүкілхалықтық аса маңызды міндет етіп қойды.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің барлық салаларын онан әрі өркендетуді тез жүзеге асыруда мал шаруашылығы өнімдерін өндіру, ең алдымен, аса бағалы өнім—сүт өндіруді арттыру маңызды орын алады.

Туысқан Коммунистік партияның, Совет үкіметінің нұсқауын жүзеге асыра отырып, облысымыздың көптеген товарлы-сүт фермалары, алдыңғы қатарлы сауыншылары сүт сауууда жақсы нәтижелерге жетісті.

Совет ауданы, Сталин атындағы колхоздың товарлы-сүт фермасы өткен шаруашылық жылында орта есеппен әрбір сиырдан 1978 килограмм, осы ауданның Каганович атындағы колхозы әр сиырдан 1880 килограммнан сүт алды. Преснов ауданындағы «Красный партизан» колхозы әрбір сиырдан 1986 килограмм, Ленин ауданындағы «Путь к социализму» колхозы —1850 килограмм сүт алуға жетісті.

Облыс еңбекшілері алдыңғы қатарлы сауыншыларымыздың тамаша табыстарын мақтан етеді. Ленин ауданындағы «Путь к социализму» колхозының сауыншысы Валентина Саютина сүтті мол сауу жөнінде Челябі облысы, Куйбышев атындағы колхоздың сауыншысы Мартыненко жолдаспен социалистік жарысқа түсіп, әрбір сиырдан кемінде 2300 килограмм сүт алуға міндеттенген-ді. Ол өзіне бекітіліп берілген 11 сиырдың әрқайсысынан 2521 килограммнан сүт сауып, алған міндеттемесін абыроймен орындады.

Облысымыздағы қарт сауыншылардың бірі Совет ауданының Сталин атындағы колхоздың сауыншысы Анисья Ивановна Чижевская сүт алуда жоғары көрсеткішке ие болғаны үшін 1955 жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысты. Ол өзіне бекітілген біртоп сиырдың әрқайсысынан 2387 килограммнан сүт сауды.

Преснов ауданындағы «Красный партизан» колхозының сауыншысы Екатерина Юрасова әрбір сиырдан 2353 килограмм сүт алды. Көптеген басқа да алдыңғы қатарлы сауыншылар, колхоз мал шаруашылығын және оның көрнекті саласы —мал шаруашылығын онан әрі өркендете беруде партия мен совет үкіметі алдында өзіміздің аса жауапты екенімізді сезініп, фермалардағы жағдайды шұғыл жақсартуға жетісу үшін барлық күшті жұмылдыру қажет деп есептейміз.

Кеңесте жаңа шаруашылық жылында сүт өндіруді онан әрі арттыра беруге бағытталған міндеттерді жүзеге асыру жайында пікір алыстық, біз КПСС Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын табысты орындау үшін барлық күш-жігерімізді аямай жұмсаймыз деп міндеттенеміз. Біз кеңестен оралысымен колхоз басшыларымен, колхоз және МТС мамандарымен бірлесе отырып, КПСС XX съезін лайықты табыспен қарсы алу жолындағы социалистік жарысқа түсушілердің санын көбейту үшін әрбір колхозшы мен колхозшы әйелдің бұл даңқты оқиғаны еңбектегі озат көрсеткіштермен қарсы алуы үшін аянбай күресеміз.

Колхозшылармен, ауыл шаруашылығы мамандары және МТС механизаторларымен бірге шаруашылықтағы мүмкіншіліктерді есептей отырып, мал қыстатуды үлгілі өткізуге бағытталған түбегейлі шараларды тezзарада белгілеп, оның толық орындалуы үшін табандылықпен күресуді абройлы міндет деп білеміз.

Малды күтуді және азықтандыруды жақсарта беру арқылы күзгі-қысқы маусымда сүттің онан әрі мол алынуын қамтамасыз ету үшін мына жұмыстар жүзеге асырылуы қажет:

1. Сиыр қораларын, төл үйлерін және басқа да мал қораларын жөндеуді дереу аяқтау шарт.

2. 1955 жылдың 10 декабріне дейін дайындалған пішен түгелдей мал қоралары жанына тасылып, сауын малдарды құнарлы жемшөппен қамтамасыз ету арқылы сүт өндіруді арттыра беру қажет.

3. Әрбір колхозда зоотехникалық-малдәрігерлік тексерулерді аяқтап, малды өнімділігіне, қоңдылығына, тірідей салмағына қарай топтарға бөліп, буаз сиырларға тәуліктік азық рационын белгілеп, олардың қатаң сақталуын қамтамасыз ету керек.

4. Әрбір товарлы-сүт фермасында сауын сиырларды күтудің жұмыс күні тәртібі жасалсын, ол мал шаруашылығы озаттарының тәжрибелеріне сай жүргізілетін болсын.

5. Өз жұмысымызға колхоз бен совхоз-...

Біздің заманымызда бірде-бір ел оқшау қалмайды, бірде бір ел дүниенің басқа бөлектерінде болып жатқан істерге немқұрайды қарап отыра алмайды. Қатар өмір сүру және ынтымақтасу тілегі тарихта өмір үшін қазіргідей ешуақытта аса қажетті болып көрген емес. Адамзаттың ортақтығы халықтар арасында туысқандық рухын тудыруға тиіс және бұл рухтың өзіне негіз тауып, қосталатын болуы, сөйтіп, халықтардың жолында түсінбеушілік пен араздықтың қайтадан тұрмайтын болуы қажет. Сондықтан да туысқандық рухын нығайтудың неғұрлым пәрменді жолы —бұл Ұлы мәртебелі Сіздердің жасап отырған сапарларыңыздай сапарлар жасасу болып шығуы мүмкін.

Өз халқын даңққа жеткізіп қана қоймай, сонымен бірге тіпті ойға алудың өзі біздің бәріміздің жанымызды түршіктіретін соғысты бастауға жол бермей ұлгірген аса көрнекті басшыларының осы сапары сіздердің ұлы еліңіз бен оның халқымен байланысты совет халқының оған көрсеткен орасан зор қабылдауы және совет халқы тарапынан біз сан рет сезіп келген достықтың ақиқат белгісі біздің жүрегімізді шаттыққа бөледі, ал сіздердің осында келіп отырғандарыңыз сияқты достықтың бұл жаңа белгісі біздің екі халқымыздың арасындағы достықтың дәнекерлерін бұрынғыдан анағұрлым нығайта түседі.

Сіздер біздің елдің қай бөлегінде болғыларыңыз келсе де, барлық жерде де сіздер шын ниетті достықпен және мейман достықпен қарсы алынатын боласыздар. Біз сіздердің Бирмада болатын сапарды бақытты өткізулеріңізге тілектеспіз.

Бирма-Совет достығы мәңгі жасай берсін!

* * *

Бұдан кейін қызу қолшапалақталып, қарсы алынған Н. А. Булганин сөз сөйледі.

Н. А. БУЛГАНИННІҢ сөзі

Қадірлі Премьер-Министр мырза! Қадірлі мэр мырза! Қадірлі мырзалар! Достар!

Еңалдымен Сіздердің ерте заманнан бергі және даңқты еліңізде болуға шақырғаны үшін Бирма Одағының үкіметіне және Премьер-Министр У Нудың өзіне шын жүректен алғыс айтуыма рұқсат етіңіздер. Біз бұл сыпайыгерлік шақыруды аса қанағаттанған және алғыс айтқан сезіммен пайдаланып отырмыз.

Сонымен қатар Бирманың халқына шын ниетті құрметтеу және қалтқысыз достық сезімін білдіріп отырған көп ұлтты совет халқынан Сіздерге және бүкіл бирма халқына жалынды достық сәлем тапсыруыма да рұқсат етіңіздер.

Сіздердің халқыңыз отарлық үстемдіктің, шетелдік интервенцияның және жойқын соғыстың ауыртпалықтарын басынан кешірді. Ұлттардың тең праволылығы мен өзін-өзі билеуінің лениндік ұлы идеялары негізінде тәрбиеленген совет адамдары бирма халқының өзінің ұлттық тәуелсіздігі жолындағы қаһармандық күресін тілектестік сезіммен қадағалап отырды және бұл күрестің табыспен аяқталғанына қуанды.

Қазіргі уақытта, жұртқа мәлім. Совет Одағы мен Бирма Одағы арасындағы қатынастар территорияның тұтастығы мен суверенитетті өзара құрметтеудің, тиіспеудің, бір-бірінің ішкі істеріне араласпаудың, теңдік пен өзара тиімділіктің, бейбіт қатар өмір сүрудің және экономикалық ынтымақтың мызғымас берік принциптеріне негізделіп отыр. Кеңінен мәлім болып отырған бұл принциптер жуырда бірлескен Бирма-Совет мәлімдемесінде салтанатпен қуатталды.

Соңғы уақытта Бирма мен Совет Одағы халықтарының достығы мен іскерлік байланыстары барған сайын дамый түсуде, мұны тең праволылық және өзара тиімділік негіздерінде жасалған Совет-Бирма сауда келісімі, мәдениет делегацияларын алысу, сонымен қатар техникалық ынтымақ айқын көрсетеді.

Бирманың Премьер-Министрі У Нудың Совет Одағында болған сапары және оның совет халқы тұрмысының әртүрлі жақтарымен тікелей танысуы біздің елдеріміз арасындағы қатынастарда ынтымақ және сенім рухын онан әрі дамытудың маңызды шарты болды.

Ұлттық бостандық және экономиканы қайта тудыру жолына түскен сіздің елдің тәуелсіздігін жариялау соңғы уақытта Азияда болған орасан зор өзгерістердің көп көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Шығыс халықтарының санасы оянып, олар саяси өмірге белсене қатысуда. Олардың империализм мен отаршылдыққа қарсы күресі бұрын болып көрмеген көлемде өріс алды. Империализмнің отарлық системасы біздің көз алдымызда ыдырауда. Кейбіреулер Азияда болып жатқан бұл тарихи ілгері басқандықты елемеуге, мұны аңғармай өте шығуға тырысуда, бірақ бұл өзгерістер орын алып, халықаралық өмірге орасан зор ықпал жасауда.

Өздерінің тәуелсіздігі мен суверенитетін нығайту үшін, отаршылдықтың қандай көріністеріне болса да қарсы күресе отырып, Азияның елдері халықаралық қатынастардағы жаңа, қуатты фактор ретінде қыймыл жасауда.

Азия мен Африка елдерінің Бандунгте болған тарихи конференциясы Шығыстың халықаралық істердегі арта түскен ролінің ең жақсы айғағы болып табылады. Әлеуметтік-саяси системалары әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруінің осы конференцияда қабылданған негіздерін Совет Одағы халықтардың бейбітшілігін жүргізіп келеді. Біз барлық халықаралық проблемаларды келіссөздер жүргізу және келісімдер жасасу жолымен шешуді жақтап отырмыз.

Азияның халықтары да бейбітшілік жолында қыймыл жасап, соғыс қатеріне қарсы күрес жүргізуде. Бұл игілікті істе совет халқы мен Азияның көптеген халықтарының бір пікірлес екендігі және одақтастар ретінде қыймыл жасап отырғандығы бізді мейлінше терең қанағаттандырады.

Совет Одағы төрт держава үкіметтері Басшыларының Женева Кеңесінің табысын қамтамасыз ету үшін көптеген күшжігерін жұмсады, бұл кеңес халықаралық шиеленісті бәсеңдету ісінде, мемлекеттер арасындағы қатынастарда сенімді қалпына келтіру ісінде маңызды роль атқарды.

Бейбітшілік саясатын жүргізіп және бейбітшіліктің анағұрлым маңызды проблемаларының бірі—қарусыздандыру проблемасын шешуге ұмтыла отырып, Совет Үкіметі өз Қарулы Күштерінің санын 640 мың адамға азайтуға қарар қабылдады.

Соңғы уақытта халықаралық шиеленіс көзге түсерліктей бәсеңдетілді және болып отырған халықаралық проблемаларды келіссөздер жүргізу, келісімдер жасасу жолымен шешуді көздеген пиғыл өзіне барған сайын батыл жол салуда. Совет Одағының басшылары өздерінің жаңа дүниесін батыл орнатып жатқан ерлік күш-жігері үшін Бирманың басшылары мен халқының құрметіне ие болды, сондықтан [illegible] лауда.

Қазіргі уақытта Сіздердің халқыңыз өткендегі отарлық дәуірден мұра болып қалған қыйыншылықтарды жеңуге, елдің экономикасын және өзінің өнеркәсібін нығайтуға ұмтылып отыр, үкімет пен совет халқының атынан сіздердің өз еліңізді өркендету және көркейту жолында табыстарға жетулеріңізге тілектеспін. Біздің елдеріміз арасында достық және іскерлік байланыстарды ұлғайту екі жақтың мүдделеріне сай келеді.

Достар, Сіздерге бізді жылы шыраймен және шын жүректен қабыл алғандарыңыз үшін алғыс айтамыз. Бирма жерінде болатын күндер көптеген жақсы әсерлерді біздің есімізде қалдыратын болады.

Совет Одағы мен Бирма Одағы халықтарының достығы және ынтымағы жасасын! **(Қолшапалақтау).**

Екі елдің халықтарының игілігіне, жалпыға бірдей бейбітшіліктің игілігіне Совет-Бирма достығы нығая берсін! **(Ұзақ ду қолшапалақтау).**

***

Булганин мен Хрущев жолдастар және Премьер-Министр У Ну бір-бірінің қолдарын қатты қысты. Бұдан кейін Премьер-Министр У Ну сөз алды.

У НУДЫҢ сөзі

Мен Рангун мэрінің сөздеріне зор ықласпен қосыламын және Ұлы мәртебелі Сіздерді шын жүректен құттықтаймын. Сіздер осы сапарыңызбен Бирма Одағының халқына шын мәнісінде аса зор құрмет көрсетіп отырсыздар, сондықтан да менің жуырда Сіздердің ұлы еліңізде болуым қандай сүйсінерлік болған болса, Ұлы мәртебелі Сіздердің де біздің елімізде болуларыңыз нақ осындай сүйсінерлік болатынына мен күмәнданбаймын.

Бирма Одағының халқы сіздердің біздің елге келулеріңізді мұндай сапардың бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайту үшін және Совет-Бирма достығы үшін маңызды екенін толық түсіне отырып, күтті. Премьер-Министр мырза, Сіз бен мен 1955 жылғы 3 ноябрьде Москвада қол қойған бірлескен мәлімдеме біздің еліміздің халықтары арасында аса зор ынта тудырды. Бұл мәлімдемеде біздің екі халқымыздың бейбітшілік пен халықаралық өзара түсінісу мәселелеріндегі көкейтесті ортақ мүдделері білдірілді.

Соңғы уақытта халықаралық шиеленіс көзге түсерліктей бәсеңдетілді және болып отырған халықаралық проблемаларды келіссөздер жүргізу, келісімдер жасасу жолымен шешуді көздеген пиғыл өзіне барған сайын батыл жол салуда. Совет Одағының басшылары өздерінің жаңа дүниесін батыл орнатып жатқан ерлік күш-жігері үшін Бирманың басшылары мен халқының құрметіне ие болды, сондықтан біз оларды болашақта да шиеленісті бәсеңдету және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қолдау бағытында дәл осындай пәрменді қыймыл жасай береді деп сенеміз.

Атом соғысының салдарынан жаппай қыйратып-бүлдіруден басқа ештеңе де бейбітшіліктің альтернативасы бола алмайды. Бірақ мұндай альтернативаға кім төзіп отыра алады! Сондықтан да адамзаттың бейбітшілікке ұмтылған талабы мүлде заңды және табиғи талап болып табылады, ал біз бейбітшілікке ұмтылған осы талаптарды нығайтудың бұрынғы қай кездегіден болса да анағұрлым аян куәлері болып табыламыз. Соғысқа жол бермеудің және бейбітшілікті қолдаудың бірден-бір жолы біздің екі халқымыз түскен бейбіт қатар өмір сүру жолы болып табылады. Бейбіт қатар өмір сүру принциптерін қазір елдердің барған сайын көп бөлегі тануда, өйткені олар, еңалдымен, елдер арасында бейбітшілікті баянды ету және ынтымақты дамыту мақсатын көздеп отыр. Сіздердің біздің елде болуларыңыз біздің екі еліміздің арасында экономикалық және мәдени ынтымақты дамыту үшін зор мүмкіндіктерді ашып ғана қоймайды, сонымен қатар бейбітшілік аймағын ұлғайтуға та едәуір дәрежеде көмектесетін болады.

Бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік жасасын!

Совет-Бирма достығы жасасын! **(Ду қолшапалақтау).**

***

Азаматтық қабылдау осымен аяқталды. Қабылдау аяқталғаннан кейін муниципалитеттің залында қонақтарға концерт программасы көрсетілді, бұл программада Бирманың ұлттық әндері мен билері болды.

ген патриоттары тамаша өнбектерімен даңққа бөленді. Озаттардың еңбек нәтижелері бізге колхоздарымызда сүт сауыды арттыра берудің бай және сарқылмайтын мүмкіншіліктері бар екенін көрсетеді.

Сонымен бірге, біз, колхоздарда сүт өндірудің дәрежесі әлі де төмен болып отырғанын атап көрсетеміз. Көптеген колхоз басшылары мал шаруашылығы өнімділігін арттырудың шараларын жүзеге асыру жөнінде әлі де қанағаттанарлық жұмыс атқармай келеді, бұл шаруашылықтарда сыйырдың сүттілігін арттыратын көптеген мүмкіншіліктер нашар пайдаланылуда.

Бірқатар колхоздарда мал шаруашылығындағы колхозшылар мен сауыншылардың еңбегі нашар ұйымдастырылған, мал өсірушілерге шын мәніндегі қамқорлық жоқ. Жекелеген товарлы-сүт фермаларында малды күтудің нашарлауы салдарынан өткен шаруашылық жылында алынған сүт 1954 жылғыдан да кеміп кетті, бұл біздің жұмысымыздағы төзуге болмайтын жағдай.

Жолдастар!

Біз, осы кеңеске қатысушылар, ауылдың таңдаулы сауыншыларының жұмыс әдістерін және ғылымның жетістіктерін үздіксіз енгізіп отыруымыз қажет.

6. Мамандық шеберлігімізді арттыра беру мақсатымен күзгі-қысқы кезеңде ферманың барлық қызметкерлері міндетті түрде үшжылдық агро-зоотехникалық курстарда оқуға тиіс, ал оқу жылы аяғында емтиханды «жақсы» және «өте жақсы» деген бағаға тапсыратын болулары керек.

Біз, облыстың колхоздарындағы мал шаруашылығы фермаларының қызметкерлерін, мамандарын және МТС механизаторларын КПСС Орталық Комитетінің мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді онан әрі арттыра беру жөніндегі тарихи қарарларын ойдағыдай орындап шығу жолындағы социалистік жарысты онан әрі өрістете беруге шақырамыз.

Әрбір колхозда күзгі-қысқы кезеңде әр сауын сыйырдан кемінде 700—800 литр сүт алу үшін күресеміз. Ал 1955-1956 шаруашылық жылында облыс сауын фермаларының қызметкерлері әрбір сауын сыйырдан кемінде 1800 литрден сүт алатын болады.

Кеңеске қатысушылар атынан үндеуге қол қойғандар: В. Саютина—Ленин ауданы, «Путь к социализму» колхозының сауыншысы. **З. Скакун**—Конюхов ауданы, «Колос» колхозының сауыншысы. **Ф. Кузьмина**—Приешім ауданы, Молотов атындағы колхоздың сауыншысы. **Е. Юрасова**—Преснов ауданы, «Красный партизан» колхозының сауыншысы. **Г. Гурова**—Петропавл ауданы, Фурманов атындағы колхоздың сауыншысы. **В. Бутакова**—Петропавл ауданы, Ворошилов атындағы колхоздың сауыншысы. **Н. Блажко**—Преснов ауданы, «Организованный труд» колхозының сауыншысы. **В. Фатеева**—Ленин ауданы, «Тропинка Ильича» колхозының сауыншысы. **А. Шкиля**—Приешім ауданы, Буденный атындағы колхоздың сауыншысы. **Е. Пучкова**—Конюхов ауданы, «Путь Ленина» колхозының сауыншысы. **Р. Карий**—Булаев ауданы, «Победа» колхозының сауыншысы. **А. Петухова**—Конюхов ауданы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының сауыншысы. **Т. Еремушкина**—Полудин ауданы, «Парижская коммуна» колхозының сауыншысы. **З. Матюхина**—Преснов ауданы, «Красное знамя» колхозының сауыншысы. **А. Жайлаубаева**—Октябрь ауданы «Интернационал» колхозының сауыншысы. **А. Цехместрук**—Совет ауданы, «Красное поле» колхозының сауыншысы. **В. Козлова**—Совет ауданы, «Красное поле» колхозының зоотехнигі. **Шахметов**—Булаев ауданы, «Победа» колхозының зоотехнигі. **Журавлев**—Преснов ауданы, «Красный партизан» колхозының зоотехнигі. **Ермакова**—Мамлют ауданы, Молотов атындағы колхоздың зоотехнигі. **Андрианов**—Суворов МТС-нің бас зоотехнигі. **Бубенкова**—Булаев ауданы, Калинин атындағы колхоздың сауыншысы.

МОЛ ТАБЫСТЫ ШАРУАШЫЛЫҚ

Өткен малшаруашылық жылында біз әрбір мегежіннен 13 торайдан алып өсірдік.

Өткен жылдан бастап колхоз етке беретін шошқаларды бордақылау ісін жақсы жолға қойды. Осының нәтижесінде мемлекетке тапсырылған шошқаның әрқайсысының салмағы орта есеппен 150—250 килограмм мөлшерінде болды. Сөйтіп, мемлекетке шошқа етін тапсыру жоспарын 180 проценттен орындадық. Қазірдің өзінде бордақылауда ондаған шошқа тұр.

Шошқа өсірушілердің мұндай еңбегін жете бағалап, колхоз басқармасы оларға қосымша ақыға 66 торай берді. Бұл шошқа күтушілердің өз еңбегіне деген ынталықтарын бұрынғыдан да арттыра түсуде.

Бізде шошқаларға қажетті жемазық жеткілікті әзірленді. Қазір оларға концентрат, картоп және қызылша берудеміз.

Шошқа өсіру—колхозға мол табыс әкелетін шаруашылықтың бір саласы. Сондықтан біз бұл шаруашылықтың барған сайын өркендей түсуі үшін аянбай еңбектенеміз. Біз осы жылы колхозға шошқа өсіру есебінен тағы 100 мың сом пайда түсіріп, әрбір мегежіннен 15 торайдан алуға міндеттендік. Қазірде барлық күшқабілетіміз осы міндеттемені толық жүзеге асыруға жұмсалулы.

А. АНОШКИНА,
Конюхов ауданы, «Пролетарское знамя» колхозы, шошқа фермасының меңгерушісі.

Ардақтаймын Советтің, әділ заңын тамаша

ЖАМБЫЛ.

Қарт сөзі

«Ленин туының» тілшісі менімен әңгімелескенде, мына бір жай еріксіз есіме түсті:

...Ол кезде жасырақ кезім. Петропавл саудагерлерінің бірі Вайсманның дүкенінде сатушы болып істейтінмін. Бір күні қыр қазақтарының бірі дүкенге келді. Ол кезде әрбір адамды киген киімі, қасына ерген адамдарына қарап бағалайтын болғандықтан, біз де оның қарапайым кедейлерден екендігін аңғардық. Бұл, әдеттегідей, Вайсманның сатып алушыдан екі-үш бағаны артық алуына бөгет болған жоқ. Ал, Вайсман өзінің саудагерлік «өнерін» осындай қырдан келген аққөңіл кедейлермен кездескенде ерекше көрсететін-ді. Мұны көріп, біліп жүрген мен, бұл жолы шыдай алмадым.

—Исай Леонидович, —дедім мен өзімді өзім зорға ұстап, —бұл әділетсіздік қой!

—Жұмыртқа тауықты үйретпес болар, —деді бұған жауап ретінде, басымдылығын көрсеткісі келгендей нығыз сөйлеген Вайсман, —есіңде болсын! Мен өз ісімді жақсы білем. Маған енді алданған қазақты иттей аяудан басқа жол қалған жоқ. Күрсіндім де қойдым.

Міне, Ұлы Октябрь революциясынан бұрынғы жай осы болатын. Біздер, қарттар, қазіргі бақытты өмірге қуанышпен көз сала отырып, сол бір өмірдің өкінішті күндерін еске алмай отыра алмаймыз. Өйткені қазіргі бақытты өмірдің қолға арзан түспегендігін жақсы білеміз.

Мен 10 жасымнан-ақ еңбекке араластым. Сөйтіп өмірімнің 70 жылын еңбекпен өткіздім. Мұның тек Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі жылдары ғана қуанышты да игілікті болғаны айтпаса да белгілі. Қарт басымнан еңбектен қол үзбеуіме себеп —жастарымыздың бақытты болашағы, сүйікті Отанымыздың бақытты болашағы, оның қуаты артып, гүлдене беруі болды.

Бұдан екі жыл бұрын мен еңбектен қол үздім. Өйткені дәрігерлер менің бұдан былай тікелей еңбекке араласуыма рұқсат бермеді. Не істерсің, олардың айтқанына көнуге тура келді. Бірақ бұл жағдай менің тұрмыстық қажетіме нұқсан келтірген жоқ.

Біздің елімізде еңбекке жарамайтын қартқа деген әкелік қамқорлықты қамтамасыз ететін тамаша заң бар. Ол —Советтік Конституция! Мен де осы заңның қамқорлығына бөленіп отырмын. Қазір көп жылғы еңбегім үшін арнаулы пенсия аламын. Сол сияқты Ұлы Отан соғысы кезінде қайтыс болған ұлымыз үшін де пенсия алып отырмыз. Мұның барлығы қолымызда қалған жалғыз бала — ұлымның қызы Нағиманың арнаулы медициналық білім алуына, сонымен бірге семья қажетіне толық жетеді. Қазір Нағима — облыстық бруцеллез станциясының қызметкері.

Советтік Отанымызда әрбір еңбек адамы зор құрметке, жан- жақты қамқорлыққа бөленгендігі айқын.

Айтжан ЖҰМАБАЕВ,
пенсионер.

СУРЕТТЕ: Петропавл педагогика институтының бір топ студенттері. (Солдан оңға қарай) татар қызы Әлфия **Усманова**, қазақ жігіті Сақыпжан **Өтенов**, литван қызы Ругате **Юрайте**, орыс қызы Галина **Иващенко**, украин қызы Людмила **Коваль**, корей жігіті Феликс **Сим**, өзбек жігіті Әлтәй **Ходжаев** және қазақ жігіті Рәшит **Шәріпов**.

Суретті түсірген **А. Розенштейн**.

Теңдессіз күн

Адамзат баласына жан- жақты теңдік әкелген, адам деген атты өз дәрежесіне сай еткен теңдессіз қымбат— Советтік Конституция туған күні кімнің болсын жүрегін жарғалы тұрған алғыс толқыны сыртқа шығуға асығады. Мен де осы ардақты күні өз правомды мақтан еткім келеді.

Мен он баланың анасымын. Балаларымның алды институт бітіріп қызметте жүр. Қазір бір ұлым Алматыда зоотехникалық- малдәрігерлік институтта, қызым осындағы ауылшаруашылық техникумында оқиды. Кенже қызым —Майра биыл алтыға қарайды. Осы кенжемнен басқалары балалар бақшасында тәрбиеленді. Мемлекеттен ондаған мың сом жәрдем алдым. Үш рет «Ана даңқы» медалімен наградталдым. 1950 жылы маған, он баланың анасы болғанымда, «Батыр ана» алтын жұлдызы берілді. Мұндай құрмет, мұндай сый социалистік елге ғана тән. Осындай зор бақыт, ұлы правоны берген —Советтік Конституция. Сондықтан бұл күн —жүрекке ерекше жылы, еңселі бақыт күні.

«Жаңаға ескі өлшеуіш» деген ғой. Сондықтан болса керек, жоғарыда айтылған сый- құрметті ойша шолып өткенде революцияға дейінгі қазақ тұрмысы, әсресе қазақ әйелдерінің қапа өмірі көзге еріксіз елестейді. Мұндай қызық көріп, бақытқа бөлену түгіл, ол уақыт үшін ерлермен праволас болу арман еді. Әйел нағыз «еңбегі еш, тұзы сорлың» өзі болатын.

Тіпті бұл үшін онша әріге кетпей, өткенді қозғамай-ақ осы күнгі капиталистік елдердегі әйелдер өміріне көз жүгіртсек те жеткілікті. Олардың ерлермен бірдей еңбегіне кем ақы алатынын, сайлау правосына шек келтірілетінін айтпағанның өзінде, әйел үшін өмірмен тең бақыт —ана қасиетінен де ада болуға жуық. Радиодан, газет, журналдардағы хабарлардан бірқатар шетелдердегі аналардың аузынан жүрегімен үзіліп түскен жемісі —жас сәбиін монастырлерге, шіркеулерге беруге дейін барғанын естиміз. Оны істетіп тұрған күнкөріс, тұрмысы. Әйтпесе қандай ана құшағындағы баласын қиып тастар!

Жаңа өмірде туған жарқын болашақтың адамдары —өз балаларымды мен адамзатты бейнетке салған ескіліктің қалдықтарын талқан ететін, жаңа өмірдің батыл күрескерлері болса екен деп армандаймын, соған тәрбиелеймін. Бірақ мұнымен де мен Советтік Конституция бөлеген бақытты өтедім дей алмаймын.

Қазина ТӨЛЕБЕКОВА,
Батыр ана.

Өмір қызығы—еңбекте

Еңбек! Совет адамын тамаша ерлікке бастайтын да осы еңбек қой. Сондықтан мен өз сезімді осы творчестволық еңбектің игілігіне, оның әрбір еңбек сүйгіш адам үшін қымбаттығына арнамақпын. Өйткені, еңбек менің барлық өміріммен тығыз байланысты. Демек, мен еңбек етудің ащы- тұщысын білемін. Мен, бір кезде, ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрын тек күн көру жолы болғандығын айтып жатпаймын. Ол баршасына да белгілі. Дегенмен, Советтік Конституция берген ұлы право— еңбек ету правосын пайдалану— сымның ұлғайғанына байланысты 1926 жылдан бастап жұмыс істеген «Пищевик» артелінің басқармасы мені пенсияға шығарған еді. Жақсы дем алдым. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталды. Отанға хауіп төнгенде қалай қарап отырарсыз?! Артельге қайта оралдым. Осы күнге дейін сол артельде қажырлылықпен жұмыс істеп жүрмін. Менің құрбыларым, «картайғанша несіне жұмыс істейсің, дем алатын уақытың болған жоқ па?» —дегенді айтады.

Мен олармен келісе алмаймын. Өйткені өмір қызығы еңбекте екенді

БӘРІ ДЕ СОВЕТ АДАМЫ ҮШІН

С. ИМАҚОВ,
еңбекшілер депутаттары Совет аудандық атқару комитетінің председателі

Ертең бүкіл совет адамдары сыяқты Совет ауданының еңбекшілері де Советтік Конституция күнін ерекше мақтаныштық сезіммен атап өтеді. Бұл күні әр адам өзінің сайлауға, сайлануға право алғанын еске алады. Мұндай бақытты күнде аудан еңбекшілері өздерінің қол жеткен кейбір табыстарын атап өтіп, табысқа жету жолындағы кемшіліктерінен қорытынды шығарады.

Бұрын адам аяғы баспаған тың жерлерде жаңа совхоздар ұйымдастырылып, сәулетті совхоз поселкелері пайда болды. Біздің ауданда Черкасск, Ленин атындағы совхоздар деп аталатын жаңа совхоздар ұйымдастырылды. Тың игерушілер көделі тыңды мақпалдай қарапарға айналдырумен бірге ку- мысшылары мен қызметшілері жаңа тұрғын үйлерге көшті. Орталық усадьбаларында асхана, магазин, нан пісіретін орындар салынды.

Советтік мемлекетіміз жаңа совхоздарды отандық қуатты техникамен қамтамасыз етті. Соңғы кездің өзінде ғана ауданның жаңа совхоздары 79 трактор, 56 комбайн, көптеген тіркеу машиналарын алды. Тың игеруге келген патриоттар аз уақыттың ішінде механизаторлық мамандығын меңгеріп, тракторға, комбайнға отырды. Мұның бәрі игерілген тың жерде өскен егінді қысқа мерзімде ысырапсыз жыйнап алуға мүмкіндік берді. халықаралық жағдайлар туралы хабарларды, совет композиторларының әндерін тыңдайды. Жаңа совхоздарда үш жетіжылдық, екі жұмысшы жастардың кешкі мектебі және бастауыш мектептер ашылды.

Ауданның басқа колхоз, совхоздарының мектептері де жоғары білімі бар педагог кадрлармен толықтырылып, оқушылар саны өсуде. Тек быйылғы жылдың өзінде ғана аудан мектептеріне жоғары білімі бар 12, мұғалімдер институтын бітірген 9 мұғалім келді.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі аудан еңбекшілерін материалдық әл-ауқаты- хоз, совхоздарында және МТС-теріндегі дәрігерлік пункттердің саны 17-ге жетті. Оларда 13 дәрігер, 35 фельдшер, 30 медицина сестралары жұмыс істейді.

Советтік Конституцияның нұры астында көптеген еңбек және Отан соғысының мүгедектері үнемі пенсия алып тұрады. Өткен 1954 жылы еңбек және Отан соғысының мүгедектеріне 1179 мың сом қаржы бөлінсе, өткен жылдың он айы, ішінде бұл қаржы 2 миллион сомға жақындады.

Аудан еңбекшілері Коммунистік партия мен Совет үкіметінің өздері үшін жасап отырған қамқорлығын сағат, минут сайын сезінеді. Жаңа құрылыстарды, ауруханалар мен мәдени-ағарту мекемелерінің

Теміржолшылар мақтанышы

Бүкіл еліміздегі сыяқты Петропавл жол бөлімшесінің жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері Советтік Конституция күнін асқан зор саяси және еңбек өрлеуі үстінде қарсы алып отыр. Жол бөлімшесінің көптеген кәсіпорындары бұл күнді жылдық жоспарларын және бесінші бесжылдыққа белгіленген өндірістік тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындаумен атап өтуде.

Темір жол бөлімшесінің ең ірі кәсіпорындарының бірі — Петропавл локомотив депосы тепловоздар жүргізу жөніндегі жоспарды 140 проценттен артық орындады. Жыл басынан бері локомотив бригадалары 15 мыңнан астам ауырсалмақты поездар жүргізіп, 6 миллион тоннаға жуық халықшаруашылық жүктерін жоспардағыдан артық тасымалдады.

Теміржолшылар Советтік Конституция... арнаулы ірі цехтары, байланыс дистанциясы өндіріс мәдениетін арттыра беру жолындағы социалистік жарыстың инициаторлары болды.

Жол бөлімшесінде жұмыс істейтін 33 мектепте 10 мыңға жуық жұмысшылар мен қызметкерлердің балалары оқыйды. Мұнымен бірге, бөлімшеде 35 қызыл мүйіс, 2 клуб, ондаған кітапхана жұмыс істейді.

Бақытты тұрмысы бар, туысқандық семьяда өскен жол бөлімшесінің бүкіл теміржолшылары Советтік Конституция күніне өздерінің лайықты өндірістік тартуларын әкеліп отыр. Тепловоз машинистері: қазақ Рақымжанов, орыс Попов, грузин Руруа және украин Диденко және басқа жолдастар мереке күніне дейін көзге түсерліктей еңбек етіп, тұрмыстарының әрі ауқатты, әрі көңілді екенін шын жүректен мақтан етеді.

Петропавл темір жол бөлімшесі-

кең творчестволық жол ашқандығын айтқым келді. Ал бұл —әрбір еңбек сүйгіш адамның құрметті міндеті.

Мен быйыл 72 жастамын. Былай қарағанда пенсия алып, қарап отыратын кез келіп-ақ қалған сыякты. Рас, бұл правомен 1940 жылы пайдаландым. Ол жылы жа-

[illegible] тылдырады, ізденділреді. Ал мен Отан игілігіне арналған еңбектен артық нәрсені көрген емеспін. Өйткені мен үшін өмір қызығы тек еңбекте ғана!

Қ. ШАЯХМЕТОВ,
қаладағы «Пищевик» кәсіпшілік артелінің қарт жұмысшысы.

рылыс жұмыстарын қоса жүргізді. Аз уақыттың ішінде совхоздардың орталық усадьбалары іріктеліп алынып, оларда сәулетті үйлер пайда болды. Көптеген тың игерушілер мемлекеттен қарыз алып өздеріне жеке меншік тұрғын үйлер салып алды. Ұлы Октябрь мерекесінің 38 жылдығы қарсаңында ғана 37 совхоз жұ-

Аудан еңбекшілерін, сондай-ақ, жаңа совхоз тұрғындарын мәдениетті қамтуға да қолайлы жағдай жасалды. Жаңадан ұйымдастырылған Черкасск, Ленин атындағы совхоздардың орталық усадьбалары электрлендірілді, әрбір тұрғын үйге радиоточкалар орнатылды. Кәзір әрбір жаңа тұрғын өз үйінде отырып еліміздің ішкі жағдайын,

ның жақсаруына, оларды рухани жағынан қамтамасыз етуге, дәрігерлік жәрдем беруге де үнемі көңіл бөлуде. Соңғы жылдардың өзінде ғана аудан орталығы—Смирново поселкесінде, жаңа ұйымдастырылған совхоздарда, Ивановка селосында ауруханалар ашылып ондағы төсектердің саны көбейе түсті. Ауданның кол-

көбейе түсуін, отандық техниканың көптеп берілуін Коммунистік партияның күнбе-күнгі қамқорлығы деп түсінеді. Советтік Конституцияның нұр сәулесі астында аудан еңбекшілері туысқан партия мен үкімет алға қойған күрделі шаруашылық міндеттерін орындау жолында айтарлықтай табыстарға жетісе береді.

туция күні қарсаңында жүк тасымалының белгіленген жоспарын 115 процент, жүк тиеу жоспарын 104,5 процент асыра орындағандықтары туралы рапорт берді. Мұнда тасымалдың өзіндік құны жоспардағыдан 23,2 процентке дейін кемітілді, ал еңбек өнімділігі 119 процентке тең болды. Рационализаторлар мен өнертапқыштардың жаңалықтарын, сол сыякты технологияның озат әдістерін өндіріске батыл енгізудің нәтижесінде кәзірдің өзінде 25,4 миллион сом қаржы үнемделді. Темір жол торабының вагон жөндеу және тепловоз деполарының

нің коллективі Советтік Конституция күніне дейін қол жеткен өндірістік табыстарын бұдан былай да баянды ете береді. Сөйтіп олар техникалық прогресті онан әрі дамыту негізінде еңбек өнімділігін арттырып, темір жол транспорты арқылы халықшаруашылық жүктерін тасымалдау, сол сыякты жолаушылар поездарын алып жүру ісін мейлінше жақсарта беру жолында қажырлы күрес жүргізеді.

М. АБАКУМОЕ,
Петропавл темір жол бөлімшесінің аға инженері.

ӘКЕ СӨЗІ

Алдына алып, кей кезде әкем.
Бетімнен піскен, тыңда деп
балам.
Күрсініп ауыр, көзіне жас кеп,
Бастаушы еді әңгіме маған.
—Кезімде сендей бақытсыз
өстім,
Көрмедім жастық қуанышын.
Қайғының қара теңізін кештім.
Балалық бойда сарқылып күшім.
Қой соңында сабылып күнде,
Күнге күйіп, жалаңаяқ,
Үстімде қомыт, қарным аш мүлде,
Мұңымды шарар жолдасым—
таяк...

* * *

Өмірің сенің сәулелі күндей,
Қайғы мен зардың қалмаған ізі.
Аясында Отан құлпырар гүлдей,
Еркті елдің ұлы мен қызы.
Бақытқа қолды жеткізген балам,
Компартия —қамқоршың сенің.
Құрметке бөлер Отан —анаң,
Сүй, еңбек ет, сүйсінсін елің.

Ғ. БАЛҒОЖИН.

Отан мүддесі үшін еңбек етемін

Р. МҰХАМЕДРАҚЫМОВА,
дәрігер

Мен бала-шағалы семьяда туып өстім. Өзімнен үлкен үш ағам бар, екі інім кәзіргі уақытта мектепте оқып жүр. Патшалық Россия тұсында мен кәзір өз білімімнің дәрежесіне ешуақытта да жетпеген болар едім. Партия мен Совет өкіметі, барлық совет адамдарына жасап отырған қамқорлығы сыякты, біздің семьяны да әкелік қамқорлыққа бөледі. Соның арқасында мен бұдан төрт жыл бұрын Алматы қаласындағы В. М. Молотов атындағы медициналық институтты бітіруге мүмкіншілік алдым.

Мен кәзір әйелдер босанатын үйде дәрігер болып істеймін. Күн сайын мен істейтін мекемеде ондаған бөбек дүниеге келеді. Ал олар —болашағы жарқын, алдарында бақыт күтіп тұрған жандар. Осы әрбір бөбекті қабылдап алған сайын біздің әйелдер босанатын үйдің қызметкерлері:

—Болашағы жарқын бақытты жас, өсе түс!—деп шын жүректерінен айтады.

Шынында да дүниеге тұңғыш келген бұл бөбектерді алда бақыт, игі істер күтіп тұр. Олардың балалық шағының бақытты, болашағының жарқын болуы үшін Коммунистік партия барлық қамқорлықты тудырған. Бұған менің өз басымның бақыты айқын дәлел.

ҚУАНАМЫЗ БҰЛ КҮНІ

Көңіл күйі дәл бүгін шалқымас
па,
Шаттық сезім өн- бойды
шарпымас па.
Желбіреген қызыл ту көше бойы,
Өзге күннен бұл күннің қалпы
басқа.
Арналы күй асқақты ән әуені.
Желпіндіріп тұрғандай таңғы
ауаны.
Бүгінгі күн өмірге нұрын
шашқан,
Советтік Отанымның алтын
Заңы.

А. ТӨТЕБАЕВ.

Быйыл мемлекет облыстың тыңдағы совхоздарының қызметкерлеріне жеке меншік тұрғын үйлер салу үшін 3 миллион 909 мың сом қарыз берді. Осы жылдың өткен 11 айы ішінде 300-ге жуық тың жерлердегі тұрғындар өздерінің жаңа үйлеріне көшіп шықты. Совхоздардағы 273 жұмысшының тұрғын үй құрылысы да аяқталып келеді.

* * *

1955 жылы жұмысшы поселкесінде теміржолшылар үшін тұрғын үйлер салуға 3 миллион сомға жуық қаржы бөлінді. Өткен 11 айдың ішінде 1717 шаршыметр тұрғын үй пайдалануға берілді. Жыл аяғына дейін тағы да 1500 шаршыметр үй пайдалануға беріледі. Тепловоз машинистері Сергей Иванов, Григорий Хурамшин, инженер Леонид Назаров жаңа үйлерге көшіп шықты.

* * *

Локомотив депосының бірінші механикалық цехында жұмыс істейтін әйелдердің 80 проценті бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындады. Токарьлар Ольга Самарова, Анастасия Куликова, Нина Фахрутлиновалар күндік нормачы 200-300 процентген орындайды.

* * *

Вагон депосының вагондарды орта жөндеуден өткізетін цехындағы әйелдердің 90 проценті бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап, алтыншы бесжылдықтың есебіне еңбек етуде.

Бұл—шын достық

Жолаушы поезы алға зулайды. Вагон баяу тербеледі. Алыс сапарға шыққан 6 жолаушы ұзақ жолға қажып, мейлінше ығыр болған сыякты. Олар қайта-қайта кезекті станцияны сұрастырады. Петропавлға дейін енді пәлен тәулік қалды. Осынша күндік жер бар деп өздерінше есептеп те қояды. Манадан бері терезеден көз алмай, даланың көркем көрінісіне қарап тұрған Махмуд Рүстемов кенет жолдастарына бұрылды да:

—Жігіттер, Петропавл консервісін ыстық шаймен тағы бір рет жеп алайық. Енді біздің түсетін станциямыз да алыс емес көрінеді ғой. Бізді қарсы алғандарға қарнымыз тоқ, енсеміз биік болып көрінсін,—деп әзілдеді.

Омар Құрбанович осы бір ауыз сөзді манадан бері күтіп-ақ тұрғандай, оқып жатқан кітабын жастық астына тыға салды да, ұлттық сүйкімді бір әннің нәзік ырғағын нәшіне келтіріп, баяу ысқыра, үстінгі полкадағы түйіншек қаптың ішінен үш консерві сауытын алды да Махмудке ұстата берді. Басқа серіктері нан кесіп, қайнаған су құятын стакандарды әзірлей бастады. Жолаушылардың енді біреуі азербайжан қызыл шарабының екі бутылкасын да әзірлеп қойыпты. Жолаушылар жайғасып отырысты. Омар Құрбанович әлі баяу ысқыра отырып, сыртына «Петропавлдың А. И. Микоян атындағы ет-консерв комбинаты» деген жазуы бар консерв сауыттарын аша бастады. Вагон купесінде отырып, олар өздеріне әлі таныс емес, бірақ соған өздері келе жатқан комбинат туралы әртүрлі әңгімелерге басты. Тіпті жеп отырған тағамдарының соншалықты дәмді екендігіне де сүйсініп қояды. Әлден уақытта проводниктің «Петропавл станциясына түсетін жолаушылар әзірлене бастаңыздар» деген хабары естілді. Бұл хабардың естілуі-ақ мұң екен, әлгі алты жолаушы, жалма-жан барлық жол бұйымтайларын түгендеп, жыйнастырып, әзірлей бастады.

... Күн батуға таяу. Айнала төңірек қарақоюланып, минут асқан сайын қатты аяз да ызғарлана бастады. Вокзал іші адамдарға толы болғандықтан, қонақты қарсы алуға далаға шыққан Павел Петрович, Иван Владимирович және беті әжімденіп, қырықтарды алқымдап қалған Жаңбырбайлар перрон жанында жолаушылар поезын шыдамсыздана, асыға күтуде. Міне, күткен поез да келіп тоқтады. Қолына ұстаған телеграммасын желбіретіп, қонақ күтушілер жүгіре басып, № 6 вагонға барды. Вагоннан түсіп келе жатқан азербайжан түріне ұқсас кісілерді көріп, Павел Петрович:

—Махмуд Рүстемов сіз боласыз ба? —деді алдыңғы біреуіне.

—Жоқ, мен емес мына кісі болады, —деп ол екінші біреуін көрсетті. Осы арада поездан түсушілермен, түсушілерді қарсы алушылар бір-бірімен амандасып, халжағдай сұраса, лезде танысып-ақ кетісті. Аздан соң төбесі жабылған үлкен жүк машинасы бұл кісілердің барлығын отырғызып алды да, қаладағы А. И. Микоян атындағы ет-консерв комбинатының жатақ үйіне тартып кетті. Бұл осы жылдың 15 ноябрь күні еді.

... Міне, мал сою цехы. Мұнда бірнеше бригадалар, ол бригадалардың әрқайсысында 50-ге жуық жұмысшылар бар. Осындай бригадалардың бірінде комбинатпен бірге жасасып, бірге өсіп келе жатқан жұмысшы Жаңбырбай Шәкішев істейді. Ол —қазақ. Ал оның әріптесі Павел Петрович Щелкунов —орыс. Дәл осы бригаданың құрамында украиндық Владимир Иванович Надовенко да бар. Бұлар әр ұлттың өкілдері болғанымен кәзіргі ойлаған ойлары, ізгі мақсаттары, адал ниеттері тіпті жақсы жарасқан пікірлері де бір. Қазақ Жаңбырбай, орыс Павел, украиндық Владимир ұлттарының әртүрлі болғанына қарамастан, бұл күндері қол ұстасып, ынтымақ, өндірістік табыстармен елімізде коммунизм орнату жолындағы күресте нығыз қадыммен алға басып келеді.

Комбинаттың қарт жұмысшысы Жаңбырбай өзінің балалық шағын Совет өкіметінен бұрынғы тар заманның тұсында өткізді. Сондықтан бұл күндері Жаңбырбай ескі өмірі туралы кейбір елестерді көз алдына келтірсе, ыза кернеп, ашу қысады. Өткендегі тар заманға асқан жиркенішпен, жеккөрушілікпен қарайды. Өйтпегенде ше! Ол өзінің ең қызықты, ең тамаша деген балалық шағын еркін ойнап-күле алмай, рақаттана еңбек етіп, ол еңбегінің қызығын көре алмай, біреудің пайдасы үшін жалданып жұмыс істеп өткізген жоқ па?! Ал кәзір ше? Кәзір бас бостандығы қолға тиген заманда ешкімге жалданып жұмыс істемейді. Қайта, оның керісінше, халық үшін, ортақ мүдде үшін еңбек етіп келе жатқанын ол жақсы түсінеді.

Міне, осы қарт жұмысшы Жаңбырбаймен бірге кәзір, бригадада, құрамында орыс та, белорус та, украин да, татар да, азербайжан да, қысқасы ұлттары әртүрлі көптеген жұмысшылар бір семьяның адамындай ынтымақтасып, жылжымалы конвейердің жанында жұмыс істейді. Конвейер үстімен бас-сыйрағы кесілген қойдың денесі ақырын жылжыйды. Қатар тұрған жұмысшылар қолдарындағы өткір пышақтарымен әркім өз операциясын орындап, өнімді тоқтаусыз, онан әрі қарай жіберіп жатыр. Бұл бригада «мінсіз, сапалы өнім шығаратын бригада» деп аталады. Өйткені мұндағы жұмысшылар КПСС-тің XX съезі құрметіндегі социалистік жарыс вахтасына тұрып, күндік тапсырмаларын үнемі біржарым-екі есе етіп орындауда.

Осы цехта Баку қаласынан келген мал союшы мамандар да өз тәжрибелерін ортаға салып, ал мұндағы жетістіктерді, озат тәжрибені өз комбинаттарына үйреніп ала бармақ. Осы бір кішкене қатынастың өзінен-ақ біздің елімізде ұлт достығының қаншалықты мызғымас берік екендігін аңғарамыз. Осы цехтағы мал союшылар бригадасында жұмыс істейтін орыс Павел Петрович, қазақ Жаңбырбай, украиндық Иван Владимирович және азербайжан Омар Құрбанович тек өндірісте ғана емес, жұмыстан тыс жерлерде де өздерінің тіл ерекшеліктерінің басқа болуына қарамастан, бірін-бірі ешуақытта бөтенсінген емес. Қайта олар бірін-бірі бауыр тартып, жақын көріп, нағыз туысқандар ретінде сыйласады. Осындай мызғымас ұлт достығы өндірісте, тұрмыста, еңбекте жеңістен жеңіске жеткізіп, мәдениеттілікке ұмтылдырып, болашаққа жарқын жол ашуда.

Біз бұл көріністі өзіміздің күнделікті өмірімізден көріп те, кездестіріп те жүрміз. Өйткені бізді мұндай теңдікке жеткізген Совет үкіметі, социалистік жаңа қоғам болып отыр. Ал еліміздегі көптеген ұлттардың мызғымас ұлы достығы Советтік Конституцияда алтын әріптермен нақышталып жазылған.

К. ЕСІМОВ.

Бесінші бесжылдықта облыстағы орта мектептердің саны екі есе көбейді. 1950 жылы 24 болса, кәзір орта мектептердің саны 48-ге жетті. 1954-55 оқу жылында облыстың орта мектептерін 1539 оқушы бітіріп шықты. Оның 400-ге жуығы кәзір облыстың кәсіпорындары мен колхоз, совхоздарында жұмыс істейді.

* * *

Жаңа совхоздарда 20 мектеп ашылды. Оның біреуі орта, он мектеп жетіжылдық, қалғаны бастауыш мектептер. Бұл мектептерде мыңнан астам жаңа тұрғындардың балалары оқыйды.

* * *

1954-55 оқу жылында өндірістен қол үзбей, жұмысшы жастар мектебін 645 жігіттер мен қыздар бітіріп шықты. Кәзір 1467 жас жұмысшылар мен колхозшылар кешкі мектептерде оқыйды.

* * *

Быйыл облысқа еліміздің педагогикалық және мұғалімдер институтын бітірген 300-ге жуық жас кадрлар келді. Олар негізінен ауыл-селоларға жіберілді.

* * *

Өткен жылы мәдени-ағарту мекемелерінің саны 276 болса, быйыл 550-ге жетті. Облыс кітапханалары быйыл 100 мың данадан астам жаңа кітаптармен толықтырылды.

* * *

Өткен жылы киномен 2 миллион 563 мың зритель қамтылды. Осы жылдың өткен айлары ішінде киномен қамтылған зрительдер саны 300 миллион 450 мыңға жетті.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕН КЛАСТАН ТЫС ОҚУ

Қоғам өміріне белсене араласу, халық игілігі үшін аянбай еңбек ету, білуге құмартушылық, ғылым мен мәдениетке талпынушылық—совет адамдарына ғана тән ең жоғарғы моральдық саналар болып табылады. Ал жас ұрпақтарда бұл саналарды тәрбиелеуде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Әдебиет балаларға біздің советтік өміріміздің шындығын, жауынгер халқымыздың жасампаз еңбегін, ерлік істерін социалистік реализм әдісіне сүйене отырып, революциялық даму тұрғысында тамаша етіп, көркемдей суреттеп береді. Совет жазушылары өздерінің шығармаларында совет адамдарының типтік бейнелерін, коммунистік моральдің тамаша үлгілерін көрсетеді. Сол арқылы жас ұрпақты коммунистік рухта тәрбиелеуге зор көмегін тигізеді.

Балалардың көркем әдебиет шығармаларын оқуын, оған қызықсынуын және бұл жұмысты тиісті басшылық пен бақылауға алып қадағалап отыруды жас ұрпаққа мектепте берілетін тәрбиенің зор маңызы бар бір саласы деп қарау керек.

Көркем әдебиетті оқу мектепте бір-бірімен тығыз байланысты екі бағытта жүреді: класта пән ретінде —әдебиеттік оқу, кластан тыс оқу. Бұл мақалада біз осының соңғысына тоқталмақпыз.

Мектептегі әдебиет сабағының оқытушысы кластан тыс оқу деген не, оның маңызы қандай, оның кластағы байланысы неде деген мәселелерді жете білуі қажет. Бұларды білмей тұрып, кластан тыс оқу жұмысын жолға қоюға болмайды.

Кластан тыс оқу дегеніміз — өзінің атынан-ақ көрініп тұрғандай — кластан тыс, қол бос уақытта оқу.

Әдетте, жас бала кітап оқуға өте құмар болады. Оқытушының міндеті —жас баланың осы құмарлығын мұқият тәрбиелеп, дұрыс жолға бағдарлай білу. Ол үшін алдымен оны зерттеп білу керек.

Балалардың кітапқа құмартушылығын, қызығушылығын зерттеу оқушылардың не оқып жүргенін білуге көмектесіп қана қоймайды, сонымен бірге оқушының ойқиялын, немеге талпынатынын, қабілетін, бейімділігін танып білуге мүмкіндік туғызады.

Кейбір балалар кітапты жүйелі түрде емес, үзіп- жұлып әр жерінен шолып оқиды; енді біреулері әңгіме желісін қуып құр бос сыдыртып, мағнасыз оқиды. Бұлар тіпті кітаптың авторының шығарма кейіпкерлерінің аты- жөніне де көңіл аудармайды. Көпшілік жағдайда оқушылар кез келген, қолына түскен кітапты талғамастан оқый береді. Ал мұндай жағдайда кітаптың баланың жас ерекшелігіне, білім дәрежесіне, ұғым көлеміне сай келмеуі, тіпті баланың қате түсінік алуы да, сөйтіп бұлайша оқудың тәрбиеге кері әсер етуі де мүмкін.

Айғалық, Ахметовтың географияға бейімі бар. Бұл қасиетін өзі байқамайды, байқауы мүмкін де емес және ол өзіндегі

ықсынуын білген оқытушы ғана ол оқиытын және жүйесіз, ретсіз оқиытын балалардың оқуын дұрыс жолға қоя алады, олардың қызықсынуын саяси- тәрбиелік мәндегі пайдалы кітаптарды, қабілетін, бейімділігін тәрбиелеп дамытатын кітаптарды оқуға бағдарлай алады.

Кластан тыс оқу ұйымдасқан және жүйелі түрде жүретін, белгілі бір мақсатқа бағытталған сыйпаттағы оқу болу керек.

Кластан тыс оқу оқушының тілін дамытады, сөйлеу мәдениетін арттырады. Кітап оқушының ойлауын дамытып, өрісін кеңітеді. Жүйелі түрде ұйымдастырылған кластан тыс оқу оқушыларға идеялық- саяси тәрбие берудің мықты құралы болып табылады. Өйткені кітап оқушыны халқымыздың бақытты тұрмысымен, біздің ұлы Отанымызбен, оның жарқын болашағымен, кешегі өткен ауыр күндермен таныстырады, баланың білім алуға қызығушылығын оятады.

Кластан тыс оқуды класта программа бойынша өтілетін материалды кеңейте түсетін, одан әрі ұлғайтып, жалғастыра түсетін, ақыр аяғында, оны нығайтып, бекітетін оқу процесі деп қарау керек. Сондықтан оқытушы оқушының оқуға қызығуын оята білуі, кітапты сүюге дағдыландыра білуі қажет. Ал мұның өзі кластан тыс оқуды оқытушының тікелей өз бақылауына алып, бұл жұмысты программалы класс жұмысымен тығыз байланыстыра жүргізуін талап етеді.

Бұл талаптарды қалайша іске асыруға болады?

Оқытушы алдымен кластан тыс оқуға тиісті шығармалардың тізімін жасап, олардың класс жұмысымен байланысына қарай үш топқа бөледі.

Бірінші кезекте, оқытушы оқушыларды программа бойынша өтілетін ақын- жазушылардың программаға кірмейтін (класта өтілмейтін), бірақ жазушының творчестволық жолымен танысу үшін аса қажетті шығармалармен таныстырады.

Екінші кезекте, оқытушы программаға кірмеген ақын- жазушылардың шығармаларын қарастырады.

Ең ақырында, класс программасымен байланысы шамалы шығармаларды іріктейді. Бұған программамен аз байланысты, алайда жетіжылдық мектепті бітіретін әрбір оқушы білуге тиісті, тәрбиелік мәні бар шығармалар кіреді.

Кластан тыс оқуды класс жұмысымен байланыстыру мына жүйеде жүргізілген жөн:

1. Оқытушы оқушыларға осы класс программасында көрсетілген шығармаларды тегіс оқуға қосады.

2. Жоғарыда айтылған үш жүйелі тізімнің бірінші жүйесін ұсынады.

3. Оқытушы әр автордың бір тақы-

Шығарманы (немесе үзінді) оқытушы өзі мәнерлеп оқып береді. Бұл жұмыстар ұқыпты және жүйелі түрде біртіндеп іске асырылса ғана оқушыда кітапқа құмартушылық туғыза алады. Демек, мәселе шеберлік пен төзімділікті талап етеді.

Оқытушының бұл саладағы ең басты міндеті —алдымен оқушыны қажетті кітаптарды таңдап ала білуге үйрету: оқытушы жасаған көркем шығармалардың тізімімен, кітапхана каталогтарымен пайдалана білу, әр оқушы жеке жоспар жасап, онымен жұмыс істей білу.

Бұдан кейін кітапты саналы түрде түсініп оқуға тәрбиелеу жұмысы басталады. Оқушы кітап мазмұнына көңіл аударып, түсіне оқуы үшін оқытушы оған күнілгері кітап бойынша сұрақтар береді, болмаса оқып шыққаннан кейін оқушымен оқытушы кітап туралы әңгіме өткізеді, қысқаша талдау жасайды.

Кластан тыс оқудың сапасын арттыра түсетін бір жай баланы оқығаннан түсінгенін жүйелі түрде айтып беруге дағдыландыру. Бұл үшін алғашқы кезде кітаптың мазмұнын, әңгіменің жоспарын немесе шығарма бойынша құрылған сұрақтармен пайдаланады. Оқушының шама- шарқына қарай оқығаны туралы қысқаша пікірлерін жазып отыруға үйрету керек. Мұнда кітаптың авторы кім, кітап ұнады ма, не туралы айтылады деген жайлар қамтылады. Бара- бара бұл жұмыс күрделілене түседі. Балалар енді шығарманың басты кейіпкерлерін, оларға қысқаша мінездеме, оқиғаның болған уақыты мен орны, әңгіменің негізгі түйіні сияқты жайларды жазатын болады. Кітапханада оқылған кітаптар туралы пікірлер жазатын дәптер ашуға болады. Бұл дәптерге оқушы кітапты оқып шыққаннан кейін шығарма туралы өзінің қысқаша пікірін жазады. Бірақ дәптерді шығарманың қысқаша мазмұнын жазатын түсіндіргіш дәптерге айналдыруға болмайды.

Кластан тыс оқуды жүйелеп, ұқыптап жүргізудің басты шарттарының бірі оқушының үздіксіз бақылауы мен дұрыс басшылық етуі болып табылады. Бақылау мен басшылықты оқытушы балаға қалайда кітап оқыту керек және оқығаны туралы есеп алу керек деп түсінбеу керек. Бала кітапты оқытушы алдындағы жауаптылық үшін емес, саналы түрде, еркті оқуы тиіс. Ал бұл саналы оқу мұқият және жүйелі жұмыстардың нәтижесінде дағдыдан жас оқушының қажеттілігіне айналуы керек.

Мектепте «жаңа әдеби кітаптар» болмаса «әдебиет жаңалықтары» деген сияқты плакат жасалынып, онда жаңа кітаптар туралы хабар, қысқаша түсініктер беріліп отырылуы өте пайдалы. Мүмкіндігінше мұны жеке кластарда да жасауға болады.

Сол сияқты мектеп кітапханасының

Совет-фин сауда қатынастары жайында

Соңғы уақытта Москвада 1956 жылы алмасатын товарлардың тізімін белгілеу жөнінде совет- фин келіссөздері жүргізілді. Достық, өзара түсінушілік жағдайында өткен бұл келіссөздердің нәтижесінде 1956 жылы СССР мен Финляндия арасында өзара товар алмасу жөніндегі протоколға 2 декабрьде қол қойылды. Осы протоколға сәйкес екі ел арасындағы товар айналымы 1 миллиард сомнан асып түсетін болады.

Финляндия Совет Одағына кемелер, жүзгіш крандар, электр қуаты бар материалдар, транспорт, ағаш- қағаз жабдықтарын, мыс сымдарын, кабель бұйымдарын, пиломатериалдар, балансылар, целлюлоза, қағаз, картон, штапель волокносын және басқа товарлар беретін болады.

Совет Одағы финнен алынатын товарларға айырбас ретінде Финляндияға мұнай өнімдерін, көмір, қара металдар прокатын, тыңайтқыштар, астық, мақта, автомобиль, тракторлар, ауылшаруашылық машиналарын, әртүрлі өнеркәсіп жабдықтарын, сонымен қатар темекі, асбест, химиялық және басқа товарлар беретін болады.

1956 жылы СССР мен Финляндия арасында товарлар алмасу жөніндегі протоколға қол қойғандар: совет жағынан— Сыртқы сауда министрі И. Г. Кабанов және фин жағынан —Финляндия Сыртқы істер министрлігі сауда- саясат бөлімінің бастығы Л. Туоминен. (ТАСС).

ЮФХР ПРЕЗИДЕНТІ ТИТОНЫҢ ЭФИОПИЯҒА ЖҮРІП КЕТУІ

БЕЛГРАД, 2 декабрь. (ТАСС). Эфиопияның императоры Хайле Селассиенің шақыруы бойынша ЮФХР президенті Иосип Броз-Тито 1 декабрьде Белградтан Эфиопияға жүріп кетті. Президент Титомен бірге Сербия Халық скупщинасының председателі П. Стамболич, сыртқы істер жөніндегі мемлекеттік секретарь К. Попович, ішкі істер жөніндегі мемлекеттік секретарь С. Стефанович, президенттің бас секретары И. Вильфан және басқалары еріп кетті.

Темір жол вокзалында президент Титоны Одақтық халық скупщинасының председателі М. Пьяде, Одақтық атқару вечесі председателінің орынбасарлары Э. Кардель, А. Ранкович, С. Букманович, Р. Чолакович, Одақтық атқару вечесінің мүшелері, Одақтық халық скупщинасының депутаттары, Югославия армиясының генералдары, Белградтың ғылми, мәдени және қоғамдық ұйымдарының өкілдері шығарып салды.

ЮФХР ПРЕЗИДЕНТІ ТИТОНЫҢ ТАЯУДА ЕГИПЕТКЕ БАРАТЫН САПАРЫ

БЕЛГРАД, 2 декабрь. (ТАСС). Сыртқы істер жөніндегі мемлекеттік секретариатта Югославия президенті Иосип Броз-Титоның премьер- министр Насердің шақы-

Бирма газеттері Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің Бирмада болуы жайында

РАНГУН, 1 декабрь. (ТАСС). Рангун газеттері Н. А. Булганиннің және Н. С. Хрущевтің портреттерін басып, өмірбаяндарын жариялауда.

«Нью- таймс оф Бирма» және «Бирман» газеттері советтік қонақтардың келуіне өздерінің басмақалаларын арнады.

«Нью-таймс оф Бирма» өзінің мақаласында былай деп жазады: қысқа тарихи мерзім ішінде совет- бирма қатынастарында зор нәтижелерге қол жетті.

Совет халқының крепостнойлық пен феодализмге байланысты артта қалушылықты жоюы қанаудағы Азия халықтарының жолын нұрландыратын жарық жұлдызы болып табылады... Орыстардың қолы жеткен бұрын соңды болып көрмеген қуаттылық пен прогрестің өсуі әсресе бирмалықтарға зор әсерлер туғызды. Мүдделі жақтар туралы таратылған әртүрлі пікірлер бирмалықтардың советтік тұрмыс салтына деген ынтасын суыта алмады.

Ғасырдан астам уақыт бойына батыс отаршылар тарапынан қысым көріп келген бирмалықтар және Азияның басқа да халықтары Советтік Россияға назарын жиі аударып келді.

Тіпті қазір, батыс елдеріндегі мырзалар азиялықтарға деген өз қатынастарының кейпін өзгертіп отырған кезде де, басқаша жолды таңдап алуды ұсынуға әзір отырған Советтік Россия жақын жерде болмаса, мұндай өзгерістер туа алар ма деген сұрақ туады».

Мұнан кейін газет былай деп жазады: Бирма халқын қоса есептегенде, сан миллиондаған азиялықтардың азаттық алуына Советтік Россия тікелей де, жанамалап болса да көмектескендігін ешкім бекер дей алмай-ды. Советтік Россия даңқты жолдан өтті, бирма халқы Советтік Россия алдағы уақытта да жаңа игілікті оқиғаларға ие болады деп күтеді және сеніп отыр. Жуырда ғана өз бостандығын жеңіп алған миллиондаған азиялықтар үшін, оның ішінде бирма халқы үшін де бейбітшілік ең маңызды тілегі болды және болып қала береді. Сондықтан да олар совет халқы және оның басшылары бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікке жетуге бағытталған өздерінің күшжігерлерін онан әрі жұмсайды деп күтіп отыр.

Советтік Россиядағы термоядролық ғылымдағы зор ілгерілеулер, әсресе адамзат күтіп отырған молшылық жасау тілегі тек бейбітшілік етінде ғана жүзеге асырылатындығы фактілерін көрсетеді. Жалпыға бірдей бейбітшілік саясатының дем берушілері және «Женева рухын» жасауға қатысушылар Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев, басқалардың қандайынан болса да бейбітшілікті шын жүректен көп керек етіп отырған барлық бирмалықтардың жүрегіндегісін білдірді.

Газет советтік қонақтардың болуы есте ұзақ және берік сақталады деп атап көрсетеді.

«Бирман» газеті «Бирмаға қош келдіңіздер!» деген басмақаласында совет басшыларының келуі жөнінде былай деп жазады: «көрнекті қонақтардың ресми сапарымен біздің елімізге келуі біздің премьер- министріміздің жуырда Совет Одағында болған сапары кезіндегі шақыруына жауап болып табылады».

Бұл келудің маңызына тоқтала келіп газет былай деп жазады: «Біз мұны тарихи оқиға деп есептейміз және біздің премьер- министріміз бен совет басшыларының өзара мұндай сапар алысулары біздің еліміз бен Совет Одағы арасында орнап отырған достықты онан әрі нығайтуға көмектесуге тиіс. Бұл сапарды соғыстан кейінгі кезеңдегі халықаралық қатынастардағы елеулі оқиға деп қарауға болады».

„Шығыс халықтарының өміріндегі ұлы оқиға“

«НОДОН СИНМУН» ГАЗЕТІНІҢ МАҚАЛАСЫ

ПХЕНЬЯН, 2 декабрь. (ТАСС). «Нодон Синмун» газеті «Шығыс халықтарының өміріндегі ұлы оқиға» деген тақырыпта мақала жариялады, ол Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің Индияға, Бирмаға және Афганстанға бару сапарына арналған.

Мақалада совет басшыларының болуының зор халықаралық маңызы бар екендігі атап көрсетілген. Ол Совет Одағы мен аталған үш ел арасындағы достық қатынастарды дамытудағы ғана емес, сонымен бірге совет халықтары мен бүкіл шығыс халықтары арасындағы достық қатынастарды нығайтудағы маңызды қадам болып табылады.

Корей халқы, деп жазады газет, Совет Одағы басшыларының болуын қызу құттықтайды және совет халқы мен шығыс халықтары арасындағы достық қатынастардың бұрынғыдан да гөрі нығайып, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік мүддесіне дамый беруін шын жүректен тілейді

Таиланд газеттері елдің сыртқы саясатын өзгертуді жақтауда

осы бейімділікті тәрбиелей алмайды. Бұл —табиғи заңдылық. Ахметов саяхатшылардың еңбегі, өмірі туралы жазылған кітаптарды көп оқыйды. Сонымен қатар ол тарихи, соғыс тағы басқа әлеуметтік тақырыптарға арналған романдарды да, ғылми көпшілікке арналған кітаптарды да оқыйды. Қысқасы, Ахметовтың оқуы жүйелі, пайдалы, белгілі бір мақсатқа бағытталған тәрбиелік мәндегі оқу емес. Бұл арада оқытушы Ахметовқа көмекке келуі керек: оқушының қызығушылығын мұқият зерттеудің арқасында баланың географияға бейімі бар екендігін анықтаған соң, оған енді осы бағыттағы кітаптарды көбірек ұсынып отыру қажет. Бірақ басқа тақырыптарға жазылған шығармаларды ешуақытта да естен шығармау керек. Негізгі бағыт —география болғанымен басқалары осымен қатар жүріп отырады.

Қандай ғана бала болмасын оның басқалан тәрі ерекше бағалайтын, өзі соған бейім туратын, қабілеті бар бір жайы болады. Оқытушының міндеті —осы бейімділікті зерттеп білім, тәрбиелеп дамыту.

Баланың қызықсынуын зерттеп білмей тұрып, кластан тыс оқуды белгілі бір арнаға бағыттауға болмайды. Баланың қызығушылығын жасап, оқушылардың бұларды оқуы керек екендігін ескертіп, артынан бір мәселені қай автор қалайша баяндайтыны туралы әңгіме өткізеді.

4. Алғашқы үш жүйелі тізімнің қалған екі жүйесі осы жұмыстармен қатар жүргізіледі.

Оқушыларды кітап оқуға дағдыландыру үшін істелетін жұмыстар өте көп. Солардың ішінде тәжрибеде жиі қолданылатындары мыналар:

Белгілі бір шығарманы өтердің алдында оны оқып шығу бір- екі оқушыға міндеттеледі. Жаңа сабақты баяндап болғаннан кейін (әрине, осы шығарма) оқытушы мәнағы оқушыларға өздерінің қосымшаларын айтқызады.

Оқушыны кітапты толық оқып шығуға қызықтыру үшін оқытушы шығармадан үзінді оқып береді.

Оқушыларға кітап бойынша иллюстрация жасатқызады. Кітапты оқып шықпай тұрып иллюстрация жасауға болмайды.

Оқытушы шығарманың мазмұнын қызықты етіп, қысқаша баяндап береді.

Жеке оқушыға бір шығарманы тұтас оқып шығып, түсінгенін класқа айтып беру жүктеледі.

гімен пайдаланудың маңызы өте зор. Кітапханаларда ұйымдастырылатын жаңа кітаптар көрмесі балаларды оқуға қызықтыра түседі.

Кластан тыс оқуды ойдағыдай жүргізудің тағы бір жақсы әдісі —оқушылар конференциясын ұйымдастыру. Оқушылар мұнда оқылған және оқылуға тиісті шығармалар туралы алдын ала дайындалған баяндамалар жасайды. Конференцияларда қызықты кітаптар көрмесі ұйымдастырылады, қызықты әңгімелер, кітаптардан үзінділер, тақпақтар оқылады, пікір алысулар болады.

Кластан тыс оқуды ұйымдастыруды, оған басшылық етуді әдебиет пәні оқытушысының ғана жұмысы деп түсіну мүлде қате. Бұл жұмысқа әрбір оқытушы, бүкіл коллектив белсене араласуы керек. Бұл жұмыс класс жетекшісінің жұмыс жоспарында қамтылып, іске асырылуы қажет. Кластан тыс оқу жұмысы мектептегі әдебиет үйірмесінің жұмысымен тығыз байланыста жүргізілсе ғана жемісті бола алады.

Ж. МУСИН,

облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының методисі.

Жастар фермаға баруда

Полудин ауданының колхоздарында фермада жұмыс істеуді қалаған комсомолдар мен жастар саны көбейе түсуде. Комсомол ұйымдары мұндай комсомолдар мен жастардың тілегін қанағаттандырып, жақында 100-ге жуық комсомолдар мен жастарды фермаларға жіберді.

Жастар фермаға келісімен еңбек үлгісін көрсетіп, белсене жұмысқа кірісті. Қазір олар съезд құрметіндегі жарысқа ұштасып, қоғамдық малды қыстан күйлі шығару жолына күш жұмсап жүр.

Л. КӘКЕНОВ.

Лекция оқылды

Ауыл шаруашылығы техникумында оқушыларға арналып, әр сенбі сайын түрлі тақырыптарда лекциялар оқылып тұрады. Жақында техникумда «Совет агрономы» деген тақырыпта лекция оқылды. Оған техникумның көптеген оқушылары мен оқытушылары қатысты. Лекциядан кейін «Қардағы із» кинофильмі көрсетілді.

М. ДӘРІБАЕВ,
Қ. РАХМАТУЛЛИН.

Міндеттеме аброймен орындалды

Совет ауданындағы «Красный полтавец» ауылшаруашылық артелінің мүшелері тарандықтардың бастамасын қызу қолдап, оған жауап ретінде үстіміздегі жылдың 7 ноябрінде дейін селолық клуб үйін күрделі жөндеуден өткізуге және Полтавка селосындағы кітапхана үйіне көмек көрсетуге міндеттенген болатын. Артель мүшелері өздерінің бұл міндеттемелерін аброймен орындап шықты.

260 адамға шақталған селолық клуб үйі қазіргі уақытта күрделі жөндеуден өтіп, қысқы маусымға ойдағыдай дайындалды. Клуб үйінің сахнасы жөнейтілді, постановкалар үшін бірқатар түрлі декорациялар жасалды, көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс істеу үшін арнаулы бөлімдер жабдықталды.

Қазіргі уақытта клуб үйінде мәдени-ағарту жұмыстары кең көлемде жүргізілуде. Клуб жанында көркемөнерпаздардың хор және би кружоктары ұйымдастырылған. Оның жұмысына колхоз жастары, село интеллигенттері белсене қатысуда.

Клубта мазмұнды түрде кино көрсету үшін де қолайлы жағдай жасалған. Мұнда арнаулы жабдықталған кино аппараты қойылатын бөлмеде аудандық мәдениет бөлімінің участоктік киномеханигі Николай Матвеенко жолдас егіншілер мен механизаторларға жиі-жиі кинолар көрсетіп отырады.

Колхоз еңбекшілері селолық кітапхананың ойдағыдай жұмыс істеуі үшін де қамқорлық жасаған. Кітапханада жақсы жабдықталған оқу залы бар. Сол сыяқты мұнда кітап оқушылар конференциясы да жиі ұйымдастырылып отырылады.

Клуб үйі мен кітапхананың еңбекшілер арасында жүргізетін жұмыстарын бұдан да кең көлемде және мазмұнды түрде өрістетуге едәуір дәрежеде бөгет болып отырған жағдайлар да жоқ емес. Мәселен, көркемөнерпаздар үйірмесінің репертуарына лайықты шығармаларды табу қиын. Сол сыяқты кітапхананың кітап қоры да толықтыруды қажет етіп отыр.

Айта кететін бір жай, бұл мәселе туралы клуб, кітапхана қызметкерлері де, село еңбекшілері де аудандық мәдениет бөлімінің алдына бірнеше рет мәселе қойған болатын. Бірақ мәдениет бөлімінің меңгерушісі Правосудько жолдас бұл мәселеге көңіл бөлуді естен шығарып отыр.

«Красный полтавец» колхозындағы мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері егіншілер мен механизаторлардың рухани тілегін қанағаттандыру жолында ойдағыдай жұмыс атқарып отыр. Егер аудандық мәдениет бөлімі тарапынан қажетті көмек көрсетілген болса, бұл жұмыстың бұрынғыдан да кең өріс алатындығы сөзсіз.

Н. АЯҒАНОВ.

ми сапармен Египетке баратындығы жөнінде хабарланды.

ЭДГАР ФОРДЫҢ РАДИКАЛДАР ЖӘНЕ РАДИКАЛ- СОЦИАЛИСТЕР ПАРТИЯСЫНАН ШЫҒАРЫЛУЫ

ПАРИЖ, 1 декабрь. (ТАСС). Ұлттық жыйналысты таратып жіберу жөніндегі үкіметтің қарары радикалдар мен радикал- социалистер партиясындағы алауыздықтардың күрт шиеленісуін тудырды. Франс Пресс агенттігі радикалдар мен радикал- социалистер партиясының бюросы Премьер- министр Эдгар Форды партиядан шығарды деп хабарлайды.

ИНДОНЕЗИЯДАҒЫ ПАРЛАМЕНТ САЙЛАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ЖАЙЫНДА

НЬЮ- ЙОРК, 2 декабрь. (ТАСС). Ассошиэйтед Пресс агенттігі тілшісінің Джакартадан берген хабары бойынша, 29 сентябрьде басталған Индонезия парламентінің сайлауы 30 ноябрьде аяқталған. Индонезия парламентінің сайлауына барлығы 35 миллион адам, яғни халықтың жалпы санынан тіркелген 43 миллион сайлаушылардың 80 проценнтен астамы қатысты. Алыстағы Суматра, Борнео, Целебес аудандары мен Молукка аралдарының және кіші Зондск аралдарының сайлаушылары ең соңынан дауыс берді.

Соңғы ресми мәліметтерге сәйкес сайлаушылардың дауысы төмендегіше бөлінген: ұлттық партия —8.789.625 дауыс, Машуми партиясы —7.853.500, Нахлатул Улан партиясы —6.451.136 және Коммунистік партия— 6.005.208 дауыс алған.

Қалған дауыстарды басқа 18 партия бөлісіп алған.

ИМПЕРИАЛИСТЕРДІҢ СИРИЯҒА ЖАСАҒАН ҚЫСЫМЫ

БЕЙРУТ, 2 декабрь. (ТАСС). Баспасөздің хабарлары батыс елдердің Ирак пен Түркияны араластыру арқылы Сирия үкіметін Багдад соғыс пактісіне қосуға ниеттеніп отырғандығын сыпаттайды. «Аль-Джарида» газетінің жазуына қарағанда, батыс державалары егер Сирия бұл пактіге қосылмаған күнде Сирияны оның территориясын Ирак пен Түркияға бөліп беремін деп қорқытуда. Осы мақсатпен Түркияның өкімет орындары Шығыс Сириядағы көшпелі араб тұқымдарының басшыларының қолдауына сүйенуге әрекеттенуде.

Сирия газеттерінің жазуына қарағанда, бұдан басқа Ирак және түрік өкімет орындары «Жасырын бандаларға қарсы күрес» деген желеумен Сирия шекараларында арандатушылық әрекеттерін жүзеге асырып жатыр.

Бангкок, 1 декабрь. (ТАСС). «Сатирапан» газеті редакциялық мақала жариялап, онда Таиландтың өзінің ішкі саясатын Индия мен Бирма жүргізіп отырған саясат жағына қарай бұруына бағет болып отырған «ешқандай себеп жоқ» деп атап көрсетілген.

Газеттің сөздеріне қарағанда, Таиландтың «шешімді антикоммунистік» саясат жүргізе бастағаныпан бергі өткен көптеген жылдар ішінде таиланд халқы бұл саясаттың «Таиланд сыяқты шағын ел үшін жақсы болып табылмайтынын» терең сезініп білді.

Газет сонымен қатар Таиландтың Қытай Халық Республикасы жөніндегі позициясы көп уақыттан бері бейбітшілік халықтарында таңдандыру туғызып отыр, өйткені, Таиланд азиялық материкте тұрады және Қытай Халық Республикасымен жалпы шекарасы бір деп жазады. Таиландтың, деп жазады газет қорытындысында, Қытай Халық Республикасымен тікелей сауда жасауы үшін жақсы жағдайлары бар, ол енді Қытай жөніндегі өзінің саясатын өзгертетін болса, онда бұл «өзін толық ақтар еді және жер шарының бұл бөлегінде бейбітшілікті сақтауға көмектесетін болар еді».

Дортмундегі металл өңдейтін заводтың өндірістік Советінің сайлауында коммунистердің жеңісі

БЕРЛИН, 2 декабрь. (ТАСС). Батыс-германиялық ДПА агенттігінің хабарлауы бойынша Дортмундегі «Вестфаленхютте аг» металл өңдеу заводының өндірістік Советіне қайта сайлау кезінде коммунистер советте даусты басым көпшілігін алған.

Өндірістік советтегі 25 орынның 17-ін герман Коммунистік партиясының өкілдері, алты даусты Германияның социал-демократиялық партиясының, екі даусты христиан- демократиялық одақтың (Аденауэр партиясы) өкілдері алды.

АҚШ делегациясының келуіне қарсы Аргентинадағы наразылықтар

БУЭНОС- АЙРЕС, 2 декабрь. (ТАСС). АҚШ-тың мемлекеттік секретарының американаралық істер жөніндегі көмекшісі Генри Холланд Аргентинаға келді, ол Латын Америкасы елдерін аралайды. Холландтың қасына американаралық қорғаныс советіндегі американ делегациясының басшысы Дуглас, экспорт-импорт банкінің президенті Самюэль және Американың іскер топтары мен қарулы күштерінің өкілдері еріп келді.

Аргентина баспасөзінің хабарлауына қарағанда, Буэнос -Айрестің еңбекшілері бұл американдық делегацияны суық жүзбен қарсы алды. Делегацияның Аргентина астанасына келген бетінде қала бойынша Холландтың және оның қасына ерген адамдардың келуіне қарсы қоғамдық ұйымдардың наразылық білдірілген листовкалары таратылды.

Газеттер сонымен қатар былай деп хабарлайды: Буэнос- Айресте Холланд баспасөз конференциясын өткізгеннен кейін автомашинаға отыра берген кезде, оған қарай біртоп жас адамдар жақындап келіп: «Азаттық жасасын!», «Бізге американ империализмінің керегі жоқ!», «Үйлеріне қарай тайып отырыңдар!» деп айқай салған.

Газетіміздің келесі номері 7 декабрьде, сәрсенбі күні шығады.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Петропавлдың май өндірісі базасына түпкілікті жұмысқа күзетшілер, қойма жұмысшылары және жүк тиеушілер керек. Еңбекақы смета бойынша ал жүк тиеушілерге еңбекақы істеген жұмысына қарай төленеді.

Петропавлдағы № 10 техникалық мектеп токарь-универсал және құрал-сайманшы слесарь даярлайтын бөлімдерге оқушылар қабылдау ісін онан әрі жүргізуде.

Оқуға 10 класс көлемінде білімі бар ер және әйел азаматтар қабылданады. **Училищенің адресі:** Пушкин көшесі 83 үй.

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

«АҚЫРҒЫ ТҮН»

Сеанстар күндізгі сағат 9, 11, 1, 3, және кешкі 5, 7, 9, 11-де басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ОНЕКІНШІ ТҮН»

Сеанстар күндізгі сағат 11, 1, 3 және кешкі 5, 6-50, 3-40, 10-30-да басталады

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары— 1-59, секретариат— 1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39, газет баспасы— 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02407

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.